

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

РАСШИРЕНИЕ ПАРТНЕРСТВА И ОБМЕН ОПЫТОМ	4
ТАЛАП – ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ	5
ҚОҒАМДЫҚ КЕСЕЛМЕН КҮРЕС БАРЫСЫ.....	6
ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРИНЦИПА «ЗАКОН И ПОРЯДОК»	8
ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН.....	11
БОРЬБА С МОШЕННИЧЕСТВОМ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ВЫЗОВЫ И РЕШЕНИЯ.....	16
«ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕМ»	19
ТАҒДЫРЫ ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ГЕНЕРАЛ.....	20
СОВРЕМЕННЫЙ ФОРМАТ РУКОВОДИТЕЛЯ В СИСТЕМЕ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ	23
КҮРДЕЛІ ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУДА КРИМИНАЛИСТЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН	26
ПЕРВЫЕ ШАГИ К ПРОФЕССИИ СЛЕДОВАТЕЛЯ	30
ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАДАҒАЛАНАДЫ.....	34
ДРЕССИРОВКА СЛУЖЕБНЫХ СОБАК: ТЕОРИЯ И ТЕХНИКА.....	38
КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗУ ЖҰМЫСЫ	41



ҚҰРЫЛТАЙШЫ/УЧРЕДИТЕЛЬ:

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

МЕНШІК ИЕСІ/СОБСТВЕННИК:

«Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
ТОО «Медиа-центр органов внутренних дел
Республики Казахстан»

Бас директор/Генеральный директор
Лаура ЖАКУПОВА

Шеф-редактор
Айнур ЖЫЛКЫШИНОВА

Дизайн және бет қаттау/Дизайн и верстка
Зульфия СИСЕНБЕРДИЕВА

Корректорлар/Корректоры
Айшагүл УТЕПАЛИҚЫЗЫ
Марат САРСЕНБАЕВ

Фототілші/Фотокорреспондент
Медет ӘШІРБЕК

Мекенжайымыз:

010000, Астана қ, Майлин к, 4/1
8-7172-37-88-24 (ішкі нөмір 103)
police.kz@mediaovd.kz

Наш адрес:

010000, г. Астана, ул. Майлина, 4/1
8-7172-37-88-24 (вн. 103)
police.kz@mediaovd.kz

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес.
Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді.
Редакцияның келісімінсіз материалдарды
көшіріп басуға тыйым салынады.
«Даму-Астана» мүгедектер ұйымы»
ЖШС-де басылып шықты.
Астана қ., Көкарал көш., 2/1
Индексі: 75744
Таралымы: 8271 дана. Шыққан күні: 29.04.2024

Мнение авторов необязательно отражает точку зрения редакции.
Литературные рукописи не рецензируются и не возвращаются.
Редакция рассматривает письма, не вступая в переписку.
За достоверность предоставленных материалов
ответственность несет автор.
Перепечатка без согласования с редакцией запрещена.
Отпечатано ТОО «Организация инвалидов
«Даму-Астана»
г.Астана, ул. Кокарал, 2/1
Индекс: 75744
Тираж: 8271 экз. Дата выхода: 29.04.2024



В Астане состоялась встреча министра внутренних дел Республики Казахстан Ержана Саденова с министром общественной безопасности Китайской Народной Республики Ван Сяохуном.

РАСШИРЕНИЕ ПАРТНЕРСТВА И ОБМЕН ОПЫТОМ

В мероприятии также приняли участие Чрезвычайный и Полномочный Посол КНР в Казахстане Чжан Сяо, руководители отдельных служб МВД Казахстана и МОБ КНР. Участники встречи отметили положительные результаты двустороннего сотрудничества по многим направлениям деятельности, обсудили приоритетные

вопросы взаимодействия в сфере борьбы с транснациональной преступностью. Состоялся обмен мнениями по вопросам противодействия незаконному обороту наркотиков, особенно синтетическим видам, экстремизму и киберпреступности.

В рамках встречи министры подписали Меморандум о намерениях

между МВД Казахстана и МОБ КНР. Стороны выразили готовность к расширению партнерства и обмену положительным опытом работы полиции двух стран.

**Шугыла ТУРЛЫБЕК,
фото Медета АШИРБЕКА**

ТАЛАП – ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Түркістан облысындағы «Цифрлы Қазақстан», «Цифрлық полицей» жобасы мен полицияның сервистік модельге көшуі аясында жүргізіліп жатқан цифрландыру бағытындағы жұмыстардың барысымен танысу мақсатында ҚР ІІМ мен басқа да мемлекеттік органдардың арнайы тексеруші тобы (Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҰҚК, Бас прокуратура, қаржы министрлігі және т.б.) Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсеновтің басшылығымен өңірге іссапармен барды.



ІІМ өкілдері бірінші кезекте полиция департаментінің Жедел басқару орталығына келіп, мұндағы цифрлық шешімдердің орындалуын тексеріп шықты. Облыс жолдарындағы, білім беру орындары мен балабақшалардағы бейнекамералардың іске қосылуына байланысты атқарылып жатқан жұмыстармен жіті танысты.

Одан әрі департамент қолданысындағы соңғы үлгідегі цифрлық технологиялар мен көліктердің жұмысын бақылады. Сондай-ақ департамент қызметкерлерінің сандық технологияны меңгеріп, қағазбастылықтан арылу бойынша жасап жатқан жұмысын қарап шықты. Яғни тергеу саласының, криминалистердің, кадр мен басқа да құрылымдардың цифр-

ландыру бойынша атқарып жатқан жұмыстарын пысықтады.

Облыс тұрғындарына қолайлы, ашық болу мақсатында ашылған сервистік орталықтың жұмысымен танысып, қолданысқа жаңадан енген ІІМ-нің бағдарламаларының қолданылуын тексерді. Одан әрі делегация халыққа қызмет көрсету орталығына, одан әрі Кентау қаласындағы полиция бөлімі кіші ЖБО (жедел басқару орталығы) жұмысын бақылады.

Жалпы, облыстағы полицейлердің жаңа технологиялармен қамтамасыз етіліп, қолдануын тексеру шарасы Шымкент қаласында жалғасты. Мұнда тексеруші топ Қылмыстық-атқару жүйесінің Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша департа-

ментінің жұмысын тексерді.

– Цифрландыру – қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан ауқымды реформаның негізгі құрамдас бөлігі. Яғни полицияның күнделікті қызметінде заманауи технологияларды кеңінен қолдану – Мемлекет басшысының ішкі істер органдарының алдына қойған басты міндеттерінің бірі. Бұл ең алдымен заңдылық пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын сақтауға және құқық қорғау органдары қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған, – деді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов.

Гүлнәр ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ,
Түркістан облысы

ҚОҒАМДЫҚ КЕСЕЛМЕН КҮРЕС БАРЫСЫ



Ішкі істер министрлігінде кезекті Қоғамдық кеңес отырысы өтті. Онда есірткі қылмысымен күрес бойынша қабылданған шаралар талқыланды. Жиынға Қоғамдық кеңес мүшелері онлайн және офлайн режимде қатысты. Басқосуға Рахым Ошақбаев модераторлық етті.

Қоғамдық кеңес отырысында адам денсаулығы мен ұлт қауіпсіздігіне зардабы орасан есірткі қылмысының бүгінгі ахуалы сөз болды. Сала мамандарының айтуынша, елімізде есірткіге қатысты жағдай күрделі болғанымен, тұрақты. Бүгінде осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардың нәтижесі бойынша есірткіге деген сұраныс деңгейінде өзгеріс бар. Бұған ведомстваралық байланыстардың, кешенді

жоспарлардың, атқарылған жұмыстардың әсері барын атап өтті. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға қатысты заң жобасында халықаралық ұйымдар мен шетелдік әріптестердің іс-тәжірибелері қамтылған.

ҚР Ішкі істер министрлігі Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы, полиция полковнигі Хаджи-Ғали Имажанов Қоғамдық кеңес отырысы есірткінің жекелеген

түрлерін талқылау мен мәселеге қатысты тиісті шешімдерді таразылайтын тиімді алаң екенін атап өтті.

– Есірткі бизнесі – еліміздегі ең ауқымды мәселелердің бірі. Мемлекеттің тұрақты дамуына кері әсерін тигізіп, ұлт болашағына үлкен қауіп төндіреді. Осы уақытқа дейін нарықтан ірі көлемдегі есірткі партиялары алынды. Бірлескен жұмыстардың нәтижесінде есірткіге қатысты

алдын алу шараларын жандандыруымыз керек, – деді ол.

Сонымен бірге Қоғамдық кеңес отырысында есірткіге қатысты профилактикалық шаралардың тиімділігі де сөз болды. Бүгінгі таңда Қазақстан-



да есірткінің қандай түрлері кең таралғанын және онымен күрес бойынша қиындықтар жөнінде ҚР ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма бастығы, полиция полковнигі Игорь Канцеров тәрқатып айтты.

– Елімізде есірткінің каннабистік түрлері нарықта көптеп кездеседі. Бұны өсіру бойынша оңтүстік, орталық, оңтүстік-шығыс өңірлері алдыңғы орындарда. Есірткі лабораториялары Алматыда көптеп кездеседі. Қазіргі таңда синтетика өндіретін зертханалар азаймай отыр. Сонымен бірге есірткіге қарсы күресте кедендік тексеріс жұмыстарын да жетілдіру керек. Себебі Еуразиялық Одақ құрамындағы елдерден келетін ірі жүк көліктері кинологтар арқылы тексерілмейді. Осы ретте олардың да наркотесттен өтуіне ықпал ететін тетіктер болуы керек, – деді.

Жыл басынан бері ішкі істер органдары 1487 қылмыстық құқық бұзушылық анықтаған, оның 610-ы – қылмыстық сипатта.

2023 жылдан бастап трамадол есірткі қатарына жатқызылды. Апиын анальгетигі бүкіл әлемде миллиондаған адамның есірткіге тәуелдігін тудырған. Оның айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік екі таблеткадан басталады. Айта кетерлігі, дәріханалар арқылы туындайтын есірткіге

қатысты тәуелділік те назардан тыс қалмады. Жыл сайын өткізілетін «Дәрмек» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында есірткіге қатысты түрлі құқық бұзушылықтар анықталады. Бұл шара есірткі, психотроптық немесе ұлы заттармен жұмыс істеу қағидаларын, фармацевтикалық қызмет қағидаларын бұзушылықтарды анықтау, сондай-ақ, есірткі құралдарын заңсыз сақтауға, өткізуге және контрабандаға байланысты қылмыстардың жолын кесуді көздейді.

Қоғамдық кеңес мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы есірткі қылмысына



ды. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақы-

Елімізде есірткінің каннабистік түрлері нарықта көптеп кездеседі. Бұны өсіру бойынша оңтүстік, орталық, оңтүстік-шығыс өңірлері алдыңғы орындарда. Есірткі лабораториялары Алматыда көптеп кездеседі. Қазіргі таңда синтетика өндіретін зертханалар азаймай отыр. Сонымен бірге есірткіге қарсы күресте кедендік тексеріс жұмыстарын да жетілдіру керек. Себебі Еуразиялық Одақ құрамындағы елдерден келетін ірі жүк көліктері кинологтар арқылы тексерілмейді. Осы ретте олардың да наркотесттен өтуіне ықпал ететін тетіктер болуы керек.

қатысты «Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе, біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды. Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз ұланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартыла-

рамын» деген сөзін еске сала отырып, қылмысқа қарсы күресті күшейтуді атап өтті. Сонымен бірге есірткіге қатысты жарнама, хабарландыру орналастырылатын «OLX» қосымшасын жабу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Ал Қоғамдық кеңес мүшесі Баян Тойкебаева қоғамдық кесел бойынша алдын алу жұмыстарының жетілдіруді қажет ететінін алға тартты.

Қоғамдық кеңеске қатысқандар көкейкесті сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты. Сондай-ақ өзге елдің тәжірибелеріне шолу жасалып, қылмыстық жауапкершілікке қатысты талдау жасалатынын мәлімдеді.

Гайһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ

ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – обеспечение принципа «ЗАКОН И ПОРЯДОК»

В интервью нашему изданию о мерах по обеспечению общественной безопасности на объектах авиа- и железнодорожного транспорта, работе по повышению качества кадров, проводимой в органах внутренних дел, об основных направлениях деятельности ДП рассказал начальник Департамента полиции на транспорте полковник полиции Бакытжан Малыбаев.



– Бакытжан Асембекович, каковы приоритетные направления деятельности ДП на транспорте?

– Наша работа заключается, прежде всего, в обеспечении общественной безопасности и правопорядка, защите жизни и конституционных прав граждан. На сегодня протяженность обслуживаемого департаментом участка железной дороги составляет более 21 километра. В республике имеются 20 аэропортов, 1047 станций для перевозки грузов и пассажиров, 305 железнодорожных вокзалов, на которых несут службу транспортные полицейские. Основные векторы нашей работы – борьба с преступностью, профилактика, раскрытие преступлений по горячим следам. Также немаловажно формирование нулевой терпимости к правонарушениям и принципа неотвратимости наказания. В этом на-

правлении мы активно сотрудничаем с другими правоохранительными органами.

– Какие правонарушения наиболее часто совершаются на авиа- и железнодорожном транспорте?

– Подавляющая часть правонарушений на объектах транспорта – это кражи чужого имущества. Как вы знаете, на вокзалах и поездах пассажиропоток не прекращается ни днем ни ночью. К примеру, в прошлом году наши сотрудники обеспечивали безопасность более 33 миллионов граждан, которые пользовались железнодорожным и авиатранспортом. Поэтому очень важно в местах большого скопления граждан внимательно следить за своими вещами. Ограбления передвижных составов, хулиганства, незаконная перевозка наркотических веществ – транспорт-

ные полицейские выявили ряд подобных правонарушений.

– Какие это нарушения, можете рассказать подробнее?

– К примеру, задержана преступная группировка в составе пяти человек, совершавшая кражу более 370 тонн ферросплавов в Павлодарской области, грузополучателем являлся Китай. Ущерб составил 374 миллиона тенге. В Караганде задержана организованная преступная группировка, которая занималась хищением материалов верхних строений путей. Ущерб составил 83 миллиона тенге. Наряду с этим в аэропорту Астаны задержаны шесть человек, похитившие 15 миллионов тенге из багажа пассажиров. Все вышесказанные преступления находятся на рассмотрении суда.

– Господин полковник, какая работа проводится для пресечения наркопреступлений?

– Сотрудники департамента в рамках оперативно-профилактических мероприятий проводят целенаправленную работу по пресечению фактов незаконной перевозки наркотических средств и выявлению наркоправонарушений в целом. Так, в прошлом году силами территориальных подразделений департамента выявлено порядка 400 наркоправонарушений, их раскрываемость составила 85%. Из незаконного оборота изъято около 430 килограммов различных наркотических средств. А также пресечены шесть фактов контрабанды наркотиков. Работа в данном направлении будет продолжена.

К примеру, в ходе оперативно-розыскных мероприятий задержан 25-летний гражданин Республики Узбекистан, у которого было обнаружено 11 свертков мефедрона общим весом 4,88 грамма. Как стало известно в ходе следствия, он был курьером-закладчиком, по наводкам координатора в Telegram занимался распространением наркотиков в Актобе. Решением суда иностранец приговорен к 10 годам лишения свободы.

– Какие еще меры принимаются для обеспечения безопасности граждан?

– Прежде всего, каждый гражданин должен чувствовать себя в безопасности. Поэтому транспортные полицейские в рамках оперативно-профилактических мероприятий «Правовая дисциплина», «Безопасный вокзал», «Железная дорога – зона повышенной опасности» проводят встречи с жителями прилегающих к вокзалу районов, читают студентам лекции. Для предотвращения несчастных случаев работа ведется совместно с АО «НК «Қазақстан темір жолы». Но, несмотря на это, факты травм на железной дороге не уменьшаются. К сожалению, многие казахстанцы переходят железнодорож-





ные пути в неустановленных местах. В летнее время дети играют на железнодорожном полотне. Нередко люди, особенно молодежь, становятся жертвами своей беспечности: надев наушники, они не слышат шума приближающегося поезда. Конечно, за переход в неустановленном месте граждане привлекаются к административной ответственности. Но, тем не менее, одними лишь штрафами решить проблему невозможно. Во избежание печальных последствий нужно строго соблюдать правила передвижения на объектах железнодорожного транспорта.

– Как вы считаете, насколько эффективны требования, предъявляемые сегодня к сотрудникам органов внутренних дел?

– «Полиция играет важную роль в укоренении в стране принципа «Закон и Порядок». Полиция всегда должна быть примером для народа. Только тогда люди поверят в полицию и будут рассчитывать на нее», – сказал Президент Касым-Жомарт Токаев. Это большая ответственность, возложенная на каждого полицейского. В целях выполнения поручений Главы государства по инициативе министра внутренних дел генерал-лейтенанта полиции Ержана Саденова реализуется ряд значительных проектов. Наша главная цель – обеспечение принципа «Закон

и Порядок». В цивилизованных странах наряду с регулированием экономических отношений, особое значение придается исполнению законов. Потому что основой процветания любого государства является стабильность и верховенства закона. Это и есть главное условие построения Справедливого Казахстана.



– Как грамотный руководитель и опытный сотрудник органов внутренних дел, скажите, пожалуйста, какие меры нужно принимать для повышения доверия граждан к полиции?

– Во-первых, полицейские сами должны неукоснительно соблюдать требования закона. Для повы-

шения доверия населения к полиции необходимо, чтобы стражи правопорядка с честью выполняли свой служебный долг, повышали уровень профессионализма и дисциплины, искореняли коррупцию.

Сервисная полиция – это клиентоориентированная модель работы. Другими словами, это гарантия предоставления населению качественных, своевременных услуг. Поэтому нужно сделать так, чтобы общество видело в нас не только представителей власти, но и надежных помощников.

Без создания единого информационного пространства невозможно выстроить диалог между обществом и полицией. На сегодня на всех транспортных объектах установлены QR-коды, которые показали, что 83 процента населения доверяют нам. Наряду с этим граждане направляют свои предложения касательно совершенствования службы транспортной полиции. В последнее время граждане все чаще приходят в департамент, чтобы выразить сотрудникам свою

благодарность. Все это, конечно же, повышает авторитет полиции. Мы и впредь будем прилагать усилия, чтобы принимать верные решения во благо безопасности в обществе.

**Жанна АЗАТ,
фото Медета АШИРБЕКА,
пресс-службы
ДП на транспорте**



ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

«Қауіп қайдан деменіз, қатер – аяқ астынан» дейді қазақ. Айтпай келген табиғи апат еліміздің бірқатар өңірін ел-сел қылды. Кей аумақта жер үйдің шатырына дейін көтерілген қызыл су мамыражай жатқан жұртты бір-ақ сәтте тентіретіп жіберді. Су тасқыны болу қаупі бар ауыл-аймақты құзырлы органдар алдын ала болжап, профилактикалық шаралар қолданылды. Бірақ мұның бәрі тасқынға тосқын бола алмады. Аласұрған асау ағыс көше-көше, ел-елді аралап, әбігерге салуда. Республика бойынша жанашыр ағайын мен еріктілер тасқыннан зардап шеккен қара халыққа азық-түлік, киім-кешекпен қатар, қаржылай да көмек көрсетіп жатыр. Үкімет те бірқатар шараларды қолға алды.

Көктемнің алғашқы айының соңғы күндері күннің күрт жылынып, қардың тез еруі салдарынан өзендер тасып, Қазақстанның он бір облысында су тасқыны болды. Олар: Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Ұлытау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары. Су басқан аумақтарда шұғыл төтенше жағдай жарияланып, күш бірліктері жұмылдырылды. Үкімет тарапынан құзырлы органдардың өкілдері мен депутаттар жер-жердегі тасқыннан жапа шеккен халықпен кездесіп, мұң-мұқтажын тыңдады. Тасқынның беті қайтқан соң осы аумақтарда үйі жарамсыз болып қалған тұрғындарға баспана тұрғызылып, қаржылай да көмек берілетіні

айтылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бұл мәселені назарға алды.

Әлем ғалымдарының сөзіне сенсек, су тасқынының биыл шамадан көп болуы жаһандық жылыну салдарынан болса керек. Алыс-жақын шет елдерде де су тасқынынан зардап шеккен аумақтар аз емес.

Соңғы деректер бойынша елімізде санаулы күн ішінде тасқыннан зардап шеккен 16151 адам эвакуацияланды. Қазір уақытша орналастыру пункттерінде 4113 адам бар. Алайда, бұл мәлімет күн сайын өзгеріп жатқанын ескеру керек. Жалпы, 50 ауыл тасқын судың ортасында қалды. Ауылдағы

Бұл ретте мемлекеттік авиацияның тартылған әуе кемелерімен 1655 адам, оның ішінде 425 бала эвакуацияланды. Су тасқынынан зардап шегушілерді іздеу-құтқару жұмыстары әлі де жалғасуда.

«Жедел желі» телефондарына 604 қоңырау келіп түсті, 20 өңірде республикалық және облыстық жедел штабтар жұмыс істеуде. 309 жеке тұрғын үй мен 759 аула аумағынан су шығарылды. Бұл ретте 1257 жеке тұрғын үй мен 400 аула аумағы су астында қалып отыр. Су шайған 55 автожол, оның ішінде бір көпір және 54 жол төсемі бақылауда. Өзендер мен су қоймаларындағы су

және аудандық маңызы бар автожолдардағы қозғалыс тоқтатылған жоқ. Павлодар облысы ПД полиция қызметкерлерімен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стационарлық бекеттер орнатылды. Бұл бағыттағы жұмыс Полиция департаменті басшылығының тікелей бақылауында болмақ.

Дәл осы өңірде халыққа жақын қайырымды полицей жайлы ақпарат лезде ғаламтор бетін шарлап кетті. Тарқатып айтар болсақ, Павлодарда үйін су басқан отбасыны учаскелік полицей өз баспанасына паналатты. Су тасқынының алғашқы күндерінен бастап Ақтоғай ауданының учаскелік полиция инспекторы Тұрсынғали Ибраев құтқару жұмыстарына белсенді қатысып, су басқан үйлерден ондаған адам мен жануарларды алып шықты.

– Бірінші күні мен Жалаулы ауылының тұрғындарына көмектесіп, оларды туыстарына, қауіпсіз жерге апардым. Жұбайы, төрт баласы және немересімен бірге тұратын Серік Ахметовтің үйі де су ортасында қалған. Ойланбастан мен оларды үйіме алып келдім. Алты күннен бері менің үйімде тұрып жатыр. Мен барлық ауыл тұрғынының аман болғанына қуаныштымын. Өз жұмысымды өте жақсы көремін және осындай сәттерде оларға қолдан келгенше көмектесуге тырыстым. Адамдар қазір қауіпсіз жерде. Ал біз азаматтардың мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін патрульдеуді жалғастырамыз, – деп ағынан жарылды Тұрсынғали Ибраев.

«Кең болсаң, кем болмайсың!» дейді қазақ. Ақкөңіл азамат, қызметін құрмет тұтқан полицейге ауыл тұрғындарының да алғысы шексіз. Оның қызметтік міндетін мінсіз орындайтынын жарыса айтуда.

Еліміздің батысында да полиция қызметкерлері су тасқыны болған аймақтарда қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың мүлкін қорғау бойынша тәулік бойы қызмет етуде. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында және облыстың Қаратөбе, Сырым, Бөрлі, Теректі аудандарында көктемгі су тасқынына байланысты жергілікті



аңқылдаған ағайын баспанасынан, күн көріп отырған төрт түлігінен айырылды. Мысалы, бір ғана Батыс Қазақстан облысында тасқынның кесірінен шамамен 1000-ға жуық мал қырылып қалған.

Апаттық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ІІМ, ҚМ, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 8 458 адам, 2 124 техника, 808 су айдау құралы және 65 жүзу құралы, 12 әуе кемесі жұмылдырылды. Су тасқыны кезеңі басталғаннан бері 4,6 млн. астам м3, тәулігіне 40 мыңнан астам текше метр еріген қар суы сорылды. Оған қоса 370 мыңнан астам қапшық, тәулігіне 55 мыңнан астам және 728 мың тонна инертті материал төселді. Жұмылдырылған күштермен және құралдармен 13 659 адам, оның ішінде 5250 бала құтқарылды және эвакуацияланды.

тасқыны жағдайына мониторинг жүргізілуде.

Осы орайда кейбір облыстардағы жағдайға арнайы тоқталып өтсек. Павлодар облысында су тасқынына қарсы жұмыстарға 210 полиция қызметкері мен 79 қызметтік техника жұмылдырылды. Аудандарда полиция қызметкерлері қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуде және эвакуацияланған елді мекендерде азаматтардың мүлкін қорғау үшін тәулік бойы кезекшілік белгіленді. Жергілікті атқарушы органдар, полиция және төтенше жағдайлар органдары су басқан объектілерден су шығару және адамдарды құтқару бойынша кешенді шаралар қабылдауда.

Су тасқыны өтетін автомобиль жолдарының үш учаскесі, облыстық



ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды.

Жалпы, су тасқынынан қорғау жұмыстарына 703 полиция қызметкері мен 97 қызметтік техника жұмылдырылды. Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері тарапынан тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру жұмыстары жалғасуда. Елді мекендерде су тасқынынан 3771 адам эвакуацияланды, оның 1575-і эвакуация бекетіне орналастырылып, ал 2192 адам туысқандарына жіберілді. Аталған бекеттерді күзету жұмыстарына 13 қызметкер белгіленді.

Эвакуацияланған 49 ауыл тұрғынынан уақытша сақтаудағы 68 бірлік азаматтық қару тәркіленді. Барлық қару полиция бөлімдерінде назарда тұр. Полиция қызметкерлерімен эвакуацияланған елді мекендердегі азаматтардың мүлкін қорғау үшін тәуліктік кезекшіліктер орнатылып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Осыған сәйкес барлық су тасқыны болған жерлерде бөтеннің мүлкін ұрлау, тонау фактілері тіркелген жоқ. Азаматтардың мүліктерін қорғау үшін 90 қызметкер атсалысып, 16 бірлік техника жұмылдырылды.

Облыстың 63 жолын су басты, оның ішінде бір республикалық, алты облыстық және 17 жергілікті маңызы бар автожолдар бар. Салдарынан жол қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, БҚО ПД патрульдік полиция батальонының қызметкерлерімен стационарлық бекеттер орнатылды. Қазіргі таңда облыстағы ұшаудан, яғни Қаратөбе, Теректі, Шыңғырлау аудан-

дарының 10 елді мекені су тасқынынан көлік байланысынсыз қалды және облыстық маңызы бар бес жол жабылды.

Ал Ақмола облысында су тасқынына қарсы іс-шараларға 700-ден астам полиция қызметкері жұмылдырылды. Көктемгі су тасқынына байланысты Ақмола облысының барлық аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді. Жібек жолы ауылында 21 шаруашылыққа залал келтірілді, Ақкөл қаласында 10 үй шаруашылығы, Макинск қаласында – 7 шаруашылық, Қоянды ауылында да зардап шеккендер бар.

Полицейлер мен құтқарушылар ауыл тұрғындарымен бірлесіп, тәулік бойы еріген суды бұру және айдау, инертті материалдарды төсеу бойынша іс-шаралар өткізеді. Облыс тұрғындарынан уақытша сақтау үшін

21 бірлік азаматтық қару тәркіленді. Аудандарда полиция қызметкерлері қауіпсіздік бойынша жұмыс жүргізіп, эвакуацияланған елді мекендерде азаматтардың мүлкін қорғау үшін тәулік бойы кезекшілік орнатты.

Облыста, сондай-ақ, 28 жол, оның ішінде 7 облыстық және 18 жергілікті маңызы бар автожолдарды су басты. Патрульдік полицияның 25 қызметкері осы уақыт ішінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жалпы, су тасқынына қарсы іс-шараларға инертті материалдарды төсеу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың мүлкін сақтау және қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізетін, аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар жолдарды тексеретін, су басу аймақтарындағы ахуалға мониторинг жүргізетін 714 полиция қызметкері жұмылдырылған. Аудан орталықтарында полиция бөлімдерінің бастықтары су тасқынына қарсы жұмыстарға қатысуда.

Ал Ақтөбедегі мына бір жағдай көпшіліктің құқық қорғау қызметіне деген құрметін арттыра түскендей болды. Учаскелік инспектордың сенді су тасқынына тап болған көп балалы отбасын құтқаруы тек қызметтік міндетті орындау ғана емес, азаматтық пен адамгершілік таныту еді. Жеті түнде қауіп-қатердің қақ ортасында қалған көп балалы әке тасқын ортасынан қаһармандықпен алып шыққан





құтқарушыларға шексіз алғысын жеткізді.

Оқиға 28 наурызға қараған түні болды. Ойыл ауылының тұрғыны түнде жұбайымен және кәмелетке толмаған сегіз баламен бірге автокөлікпен ауылдан Ақтөбе қаласына қарай шыққан. Алайда ауылдан алыстағаннан кейін көлік көзді ашып-жұмғанша қарқыны қатты сеңді су тасқынының ортасында қоршауда қалған. Суға батқан көлікте бала-шағасымен қалған ол жақын жердегі Кемер ауылының тұрғындарына қоңырау соғып, көмек сұраған.

Көмекке ауыл азаматтарымен бірге алғашқылардың бірі болып, Саралжын ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы жетіп, дереу құтқару жұмыстарына кіріскен. Қиын жағдайда қалған отбасы туралы хабарламаны алған соң көмекке жылдам жеткендер бірнеше техниканы жұмылдырып, сеңнің жолын бөгеді. Бір сағатқа жуық уақыт ішінде балалар мен ата-анасын су ортасынан аман-сау алып шығып, қауіпсіз жерге жеткізді.

– Ауылдың белсенді тұрғындары Саралжын ауылының учаскелік полиция инспекторы Есболат Әділхановтың көлігімен келіп, бір метрдей тереңдіктегі мұзды суды кешіп жүріп, бізді құтқарды. Кемер ауылының

тұрғындары мен учаскелік полиция инспекторы Есболат бауырымызға отбасымның атынан алғыс айтамын. Осы азаматтардың ерлігінің арқасында бала-шағам аман-қалды, – деп тебірене сөйледі көп балалы әке.

Дәл осы өңірде учаскелік инспектордың су басқан аумақтардан ондаған адам мен жануарларды арқалап шығарғаны жайлы да естіген боларсыз. Ақтөбе қаласының учаскелік полиция инспекторы Нұрхат Сәлімгереев тұрғындарды су тасқынынан құтқару жұмысына белсене қатысқан. Алғашқы екі тәулікте ол тасқын суды белшесінен кешіп, ондаған адамды қауіпті аумақтардан құтқарған. Ал қазір күн сайын су басқан аумақтарға барып, патрульдеумен айналысуда.

Қалада қауіп басталған 26 наурыз күні таңғы мезгілден бастап ол қаладағы «Кривое озеро» ауданындағы саяжай алаптарына барып, таңға дейін су басқан үйлерден бірнеше адамды қайыққа отырғызып, өзі қайықты сүйреп алып шыққан. Үйлердің бірінде су қоршауында қалған итті байқап, оны да құтқарып алған. Келесі күні ол су басқан «Новостройка-2» саяжай алабын аралап жүріп, су басқан үйде қалған әкелі-балалы азаматтарды анықтап, қауіпті аумақтан арқалап шығарған. Су басқан аулада байлаулы қалған тұрған итті де босатып, кө-

теріп алып шыққан.

Адамдар мен жануарларды арқалап та, көтеріп те, қайыққа салып, сүйреп те алып шығып жатқан учаскелік инспектордың әрекетін тұрғындар мен әріптестері ұялы телефонға түсіріп алыпты. Батыл полицейдің бейнежазбасы әлеуметтік желіде тез тарады.

– Біздің әкімшілік аумағымыз, негізінен саяжай алаптары болғандықтан, су тасқынына ұшырады. Адам шығын болмады. Бұл – қуанарлық жағдай. Қазіргі таңда олардың мүлкінің қауіпсіз болуы үшін күнде аумақтарды аралап шығамын, – деді полиция аға лейтенанты Нұрхат Сәлімгереев.

Ал Ұлттық ұланның 1100-ден астам жауынгері тасқынға тосқауыл болды. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы су тасқынына қарсы жұмысты әлі де жалғастыруда.

ҚР Ұлттық ұланының «Батыс» өңірлік қолбасшылығының 5517 Әскери бөлімінің 60-тан астам әскери қызметшісі және екі арнайы техникасы әскери бөлімнен жеті шақырым жерде орналасқан Асан елді мекенінде су тасқынын бөгеу жұмыстарына қатысты.

Ал 6655 Әскери бөлімінің әскери қызметшілері 50-150 адамнан құралып, төрт ауысым бойынша 17 техниканың көмегімен Ақтөбе облысындағы Кирпичный кентіне көмек беріп жатыр.

Еліміздің шығыс бөлігіндегі Ақтоғай ауданының Шолақсор кентінде Сілеті өзені арнасынан асып кетті. Ернеуінен асқан судың жылдамдығы секундына 50 текше метрге жеткен. Осыған байланысты Ұлттық ұланның 5512 Әскери бөлімінің әскери қызметшілері халыққа көмектесу және су тасқынының алдын алу үшін шұғыл түрде ауданға бет алды. Павлодар облысындағы әскери бөлім жауынгерлері де Жалаулы елді мекеніндегі су тасқынына қарсы іс-шараларды атқаруға жұмылдырылды. Ұландықтар

жауынгері мен бір арнайы машинасы Қостанай қаласындағы жағдайды реттеуге атсалысып жатыр.

Сондай-ақ Қарағанды облысында болып жатқан су тасқынының салдарымен күрес жұмыстарына ТЖД өкілдерімен бірге Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығының, Қорғаныс министрлігіне қарасты «Астана» өңірлік қолбасшылығының жеке құрамдары, сондай-ақ, облыстық полиция департаментінің қызметкерлері қатысуда.

Қарағанды облысының ірі су қоймаларында (Самарқанд, Ынтымақ, Шерубай-Нұра) су көлемінің ұлғаюына байланысты Абай, Бұқар жырау және Нұра аудандарының 28 елді мекенінде құм толтырылған қаптар

салдарларын жоюға қатысу міндеті жүктелген. Сондықтан курсанттар кез келген уақытта халқымызға көмек көрсетуге дайын, – деп атап өтті 2-оқу батальоны командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары, подполковник Әлімжан Тасмағамбетов.

Кентте төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қар шығару және арықтарды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Кеше ұландықтар 2000-ға жуық саз толтырылған қап дайындап, белгіленген жерлерге төседі. Жалпы, халық пен аумақты су тасқынынан қорғау жұмыстары әлі де жалғасуда.

Қорыта келе айтарымыз, ел болып бірігіп, жұрт болып жабылып, су тасқыны шайған ауыл-аймақтарға қол



еріген қар суына қарсы бөгеттер тұрғызып, су тасқынының алдын алу үшін түрлі амал жасап жатыр.

Теміртау қаласының 5516 Әскери бөлімінің 125 әскери қызметшісі мен алты техникасы Чкалово елді мекені мен Заречный кентінде су тасқынына қарсы жұмыс істеп жатыр.

Ұлттық ұланның Қостанай қаласындағы полкінің 100 әскери қызметшісі және сегіз техникасы, сондай-ақ, Петропавл қаласындағы 6637 Әскери бөлімінің 50 әскери қызметшісі мен жеті техникасы Қостанай облысы Жангелдин ауданының Торғай ауылындағы су тасқынына қарсы іс-шараларға жұмылдырылды. Бұдан басқа 6697 Әскери бөлімінің жиырма

дан бөгет тұрғызу жұмыстары қолға алынған. Бұған Қарағанды қаласының 5451 Әскери бөлімінің 50-ге жуық әскери қызметшісі мен төрт арнайы техникасы қосылды.


Тұрғын алаптарын басуына жол бермеу мақсатында аулалардан шамамен 19 мың 337 м3 еріген су шығарылды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар аясында Ұлттық ұлан академиясының 100-ден астам курсанты халыққа көмек көрсету үшін Прибрежное ауылына барды. Әскери қызметшілер қаптарды инертті материалмен толтыруға қолғабыс етті.

– Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне техногендік, табиғи, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың

ұшын созып жатырмыз. Билік тарапынан да қолдау көрсетілуде. Тосын жағдайда тосылып қалмай, елдігіміз бен бірлігімізді танытудамыз. Бейбіт күннің батырлары да қайсарлығымен, табандылығымен көзге түсіп, ел алғысына бөленуде. ««Ұлым» дейтін ел болмаса, «елім» дейтін ұл қайдан болсын?» демекші, елім деп еміреніп, халқы үшін қайыспай қызмет ететін батыр азаматтарымыз аман болсын! Төтеннен келетін төтенше жағдайлар енді болмаса екен деп тілейік

Нұрай ҚАЙЫР,

(Бұл мақаладағы су тасқынына қатысты мәлімет 2024 жылдың 10-сәуіріне дейінгі кезеңде алынған)



БОРЬБА С МОШЕННИЧЕСТВОМ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ВЫБОРЫ И РЕШЕНИЯ

На что готово человечество ради денег? Почему преступность растет среди молодежи, и станет ли искусственный интеллект союзником полиции?

Пока мы пользуемся своими ноутбуками и телефонами, за нашей информацией разворачивается настоящая охота. Хакеры придумывают все более сложные вирусы, а те, кто с ними борются, наращивают все более сложную защиту. Рассматривая же эту систему в призме пирамиды Маслоу: базовый и, наверно, самый устойчивый уровень мы выделим угрозам, с которыми сталкиваемся каждый день: трояны, фишинговые письма и большинство атак в интернете, чуть выше – целевые атаки, нацеленные на конкретных людей или организации.

А самый верх венчает новинка нашего столетия – кибероружие. Сегодня мы разберем самый первый и крупнейший в пирамиде уровень – «рог избытия» для мошенников двадцать первого века.

В условиях современного мира, где цифровые технологии проникают во все сферы жизни, мошенничество становится все более изощренным и распространенным. От фальшивых электронных писем до кражи личных данных – киберпреступники постоянно ищут новые способы обмана и вымогательства. Борьба с мошенни-

чеством в цифровую эпоху становится одним из важнейших вызовов для общества.

Одной из распространенных форм мошенничества является фишинг – метод обмана, при котором злоумышленники выдают себя за доверенные организации или лица с целью получить конфиденциальную информацию, такую как пароли, номера кредитных карт и другие личные данные. Часто фишинг происходит через поддельные электронные письма или веб-сайты, которые кажутся аутентичными.

Другой распространенной формой аферы является кибермошенничество, включающее в себя кражу денег или ценностей через Интернет. Может включать в себя взлом банковских счетов, мошеннические схемы с использованием криптовалюты или даже кибератаки на крупные компании с целью вымогательства.

рехватить сайт-двойник, с отличием в одну лишь букву. Человеческий глаз не может различить ряд символов, совпадающих в русском и английском алфавитах. Так, если вы напишете слово apple, где замыкающие буквы – русские, ваш вычислитель подчеркнет иностранную часть красным, указывая на ошибку.

они подобны рыбакам – закидывают удочки в интернет и выжидают, когда клюнет «рыбка».

Еще одна не менее крупная афера кроется в бесплатном Wi-Fi. Подключение к общедоступным или небезопасным сетям Wi-Fi в общественных местах может стать очередной причиной кибермошенничества. Преступники могут перехватывать данные, передаваемые через небезопасные сети, и получать доступ к личной информации пользователей.

Так, инстаграмных блогеров массово начали взламывать в 2015 году, ввиду слабой защиты приложения. Сейчас его система безопасности модернизировалась, потому взломать уже не так-то просто.

Конечно, киберграмотность растет. Сейчас казахстанцы не поведутся на сообщения, типа «Вы стали обладателем миллиона, перейдите по ссылке и заберите свой приз!» или «Ученые не могут в это поверить – русалку нашли на берегу Каспийского моря». Но, принимая данный факт, мошенники не сидят сложа руки. И здесь в ход идет социальная инженерия.

К слову, используют данную схему мошенники уже давно, принимая на себя роли «сотрудников банков», «полицейских» и близких родственников, оказавшихся якобы в непростой жизненной ситуации. Куда сложнее



Согласно статданным Министерства внутренних дел, за последние семь лет количество подобных фактов в Казахстане выросло более чем в 10 раз. Такие преступления составляют 19% от общего количества зарегистрированных в прошлом году и 50% от всех мошенничеств. Только в минувшем году причиненный гражданам ущерб составил 21 миллиард тенге.

Отметим, что жертвами фишинга становятся отнюдь не из-за низкого интеллекта. Всеми виной человеческая психология и захламленность всемирной паутины. К примеру, введем в поисковую систему Google запрос «полицья», уже за 0,28 секунды поисковик предложит нам 65 миллионов 800 тысяч результатов, подпадающих под описание, язык запроса и геопозицию. Среди высветившихся ссылок наверняка есть и вредоносные, вот только о них мы не узнаем. Поскольку от первоисточника наше внимание может пе-

Мошенники – отличные психологи, они вдоль и поперек изучили поведение масс. При этом им необязательно выслеживать потенциальных жертв,



выявлять аферистов стало сейчас – в эпоху искусственного интеллекта. Ключевая роль ИИ здесь разворачивается вокруг создания бреши в области кибербезопасности: злоумышленники могут использовать метавселенную для обхода систем защиты, внедрения вредоносных программных обеспечений и кражи конфиденциальных данных.

В территориальные подразделения полиции все чаще стали поступать сообщения о кибермошенничестве: к одним приходят письма от близких родственников с просьбой занять денег, других же просили пройти по ссылке и проголосовать за детей-участников в творческих конкурсах. Но большие траты все же понесли пользователи социальных сетей после покупок «выгодных курсов» у лжеблогеров и брендовой одежды в онлайн-магазинах.

Для борьбы с мошенничеством в цифровую эпоху необходимо принимать ряд мер и использовать современные технологии. Во-первых, важно обеспечить обучение и осведомленность среди пользователей об опасностях мошенничества и методах его предотвращения. Кроме того, компании и организации должны инвестировать в современные системы безопасности, такие как антивирусное программное обеспечение, межсетевые экраны и механизмы двухфакторной аутентификации, чтобы защитить свои данные и системы от несанкционированного доступа.

Организации также могут использовать аналитику данных и искусственный интеллект для выявления аномального поведения и своевременного реагирования на потенциальные угрозы. Мониторинг транзакций и активности пользователей помогает выявить подозрительные действия и предотвратить финансовые потери.

Важным аспектом борьбы с данным видом преступления является сотрудничество между правоохранительными органами, государственными учреждениями и частным сектором. Обмен информацией о методах и тактиках киберпреступников по-

зволяет эффективнее реагировать на угрозы и пресекать преступную деятельность.

Так, в этом году правоохранителями Казахстана зарегистрировано 3645 интернет-мошенничеств. Это 18% от общего количества преступлений и 43% – от всех мошенничеств. Принятыми мерами задержано и привлечено к ответственности почти 2 тысячи лиц, причастных к совершению 4 тысяч преступлений. Потерпевшим возмещен ущерб в размере 850 миллионов тенге.

– В основном такие преступления совершаются из-за рубежа либо с использованием иностранных интернет-ресурсов. Это делается для сокрытия своего местоположения. При этом для обеспечения своей анонимности, хакеры выбирают в качестве своих жертв граждан зарубежных стран. К примеру, в конце 2023 года в Астане выявлены 4 мошеннических call-центра. Их работники обзванивали только зарубежные номера, – отметили полицейские.

По словам правоохранителей, в своих преступных целях мошенники используют так называемых «дропов» из числа граждан Казахстана, которые за определенные проценты (до 10%) «перегоняют» через свои карты похищенные у граждан деньги на зарубежные счета либо переводят их в криптовалюту. Так из страны выводится порядка 90% похищенных денег, следы которых в дальнейшем теряются из-за различных теневых схем криптовалютной системы («Блокчейн»).

– Об этом мы узнаем после того, как граждане осознают, что стали жертвами мошенников. В среднем срок их обращения в полицию с момента совершения преступлений составляет от 3 дней до нескольких месяцев, – добавили стражи правопорядка.

Сейчас в Министерстве внутренних дел принимаются необходимые меры по профилактике и раскрытию указанных преступлений. Полицейские активно взаимодействуют с операторами связи по блокировке «зарубежных» фрод-звонков. Так,

уже пресечено 44 миллиона попыток идентичных соединений. В результате на треть снижено количество мошенничеств от имени сотрудников банков. Также в регионах действуют специализированные группы «Киберпол», которыми в 2023 году раскрыто более 3,7 тысяч преступлений. Задержано и привлечено к уголовной ответственности 1891 лицо, из них 460 изобличены в совершении мошенничеств в отношении 2-х и более лиц.

– В текущем году при мониторинге сети Интернет нами выявлено и передано в МКИ для блокирования 6,1 тысячи интернет-ресурсов, в том числе 3 тысячи с признаками мошенничества, 529 – по линии наркопреступлений, 1,6 тысяч экстремистского характера, – резюмировали полицейские.

Дополнительно в мессенджерах созданы специальные группы Cyberbot, которые напрямую уведомляют администраторов сайтов о мошеннических ссылках. За месяц такой работы удалено свыше 300 ресурсов.

Кроме того, правоохранители проводят разъяснительную работу среди населения: опубликовано свыше 20 тысяч профилактических материалов, в общественных местах размещаются буклеты, осуществляется СМС-рассылка с предупредительными текстами.

Наконец, важно помнить о личной ответственности каждого человека за защиту своих данных и конфиденциальной информации. Соблюдение базовых правил безопасности, таких как использование надежных паролей, обновление программного обеспечения и бдительность при общении в сети помогут уменьшить риск стать жертвой мошенничества.

Борьба с мошенничеством в цифровую эпоху требует комплексного и координированного подхода со стороны всех заинтересованных сторон. Только объединив усилия и внедрив современные технологии безопасности, мы сможем сделать интернет более безопасным и защищенным местом для всех пользователей.

Бахытгуль РАХИМБЕКОВА

«ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕМ»



Еліміздің күнделікті тыныс-тіршілігі, ондағы қылмыстық ахуал мен тұрғындардың қауіпсіздігін қадағалауда біздің полиция қызметкерлерінің арасында өзге ұлт өкілдері де кездеседі. Солардың қатарына бүгінгі тақырыбымызға негіз болған, ұлты шешен болса да, қазақ елі үшін ар-намыстың жалауын жықпастан аянбай тер төгіп жүрген Имран Царцилов туралы болмақ.

Имран Царцилов 1986 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Бала кезінен қазақ ұлтының тілінен, салт-дәстүрінен нәр алып, мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Бойына парасаттылық пен патриоттық сезімін сабақтастыра білген полиция подполковнигі – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің түлегі.

Кейін полиция қызметіне деген қызығушылығы артып, ішкі істер органына қызметке орналасуға бар күш-жігерін арнайды. Ойлаған мақсатын жүзеге асыра білген Имран 2008 жылдан бастап иығына шен тағып, алғашқы еңбек өтілін Атырау қалалық полиция басқармасы Тергеу бөлімінің тергеуші қызметінен бастаған. Кейін Атырау облысы ПД Ұйымдасқан қыл-

мысқа қарсы күрес басқармасының жедел уәкілі лауазымына тағайындалды. Сол жылы ол Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасына жедел уәкіл лауазымына ауысты. Қазіргі таңда сол салада бөлім бастығы.

Бос уақытында ол ақын-жазушылардың шығармаларын оқып, спортпен айналысады. Имран үйінде ұлы мен қызын отансүйгіштікке тәрбиелеп отыр. «Отбасың сүйіспеншілікке толы болса, ізгіліктің көркем сарайларының бірі» деп санайтын қызметкердің бүгінде арманы асқақ, мақсаты айқын. Өзіндік ұстамдылығы тұрақталған, түсінігі жоғары полицей қызмет жолында көптеген марапатқа ие болған.

– Тәртіп сақшысы болу әдептілік қағидалары мен сауаттылықты,

білімділікті, ой ұшқырлығы мен төзімділікті талап етеді. Адамның адал ниетіне құт қонады, қоғамның байыпты байламына бақ тұрақтайды. Сол себепті менің басты ниетім – Отан алдындағы азаматтық міндетімді адал атқару. Халқымның қауіпсіздігі мен үшін бәрінен де жоғары, – дейді Атырау облысы ПД Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы Имран Царцилов.

Мемлекет тірегі – үлгілі отбасы. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, адамгершілік қасиеттеріне негізделіп құрылған берекелі әулеттер қашан да үлгі болмақ.

Динара СЕМБАЕВА,
Атырау облысы

ТАҒДЫРЫ ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ГЕНЕРАЛ



Жуырда Атырау қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Онда ел болашағына қатысты көптеген мәселелер көтерілді. Ойымда ерекше қалғаны – «Адал азамат» ұғымы. Ел Президентінің айтуынша, адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Әрине, сананы болмыс билеген заманда шетелдік пірәдар ойшылдарының жетегінде кеткен бүгінгі буынның кей өкілдері үшін айналасынан аталған ұғымға лайықты адамдарды көру қиын. Десе де, ғұмырын Отан қорғауға арнаған адам ретінде кешегі мен бүгінгі байланыстырып келе жатқан алтын көпір – адал азаматтардың бар екенін және олардың әскери салада көптеп кездесетінін айтқым келеді. Солардың бірі – әскери қайраткер, «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, генерал Дәулет Қамарұлы Салханов.

Кейіпкеріміз 1949 жылы 4 сәуірде бүгінгі Семей қаласында дүниеге келді. Жастайынан көп балалы отбасында ер жетті. Ол үшін үлгі адал еңбек адамдары болды. Басты құндылық Отан тыныштығы еді. Ата-анасы мен

ағайын-туыстары «елім» деп еңбек еткен жандар еді. Қамар ақсақал балаларын тек адал жолмен күн көруге үйретті, білімді болуға тәрбиеледі. Өзі Ұлы Отан соғысының ардагері болған соң ба, балаларының әскери болуын

қалайтын. 1966 жылы баласы Дәулет болашақ өмірін әскери саламен байланыстыратынын естігенде іштей қуанды. Сонымен не керек, жас өрен мектепті аяқтай сала алдына нақты мақсат қойып, болашақта ел қорғай-

тын офицер болуды таңдады. Он сегіздің жалынымен алдынан кезіккен кез келген қамалды бұзуға ден қойды. Ақылы айбатына, қадірі қайратына сай жас, Ресейдің Саратов қаласындағы Ф.Э. Дзержинский атындағы КСРО ІІМ Әскери училищесінде оқуға бел буады. «Өмір – толассыз тасқын, тоқтаусыз күрес» демекші, кейіпкеріміз өз таңдауы үшін күресуге дайын еді. «Ортақ үйіміз – Кеңес Одағы» деп ән салған заманда Одақтық республикалардың түкпір-түкпірінен өзі секілді үміткерлер әскери оқу орнының алдына жиналды. Топ-топқа бөлініп, түрлі сабақтар бойынша емтихандар тапсырды. Әскери азамат халқын қорғауға дайын тұру керек. Сол үшін ең бірінші кезек дене дайындығына берілді. Тегсе темір үзер тегеурінді ер осы аламаннан қалыс қалған жоқ. Ауылдың қара жұмысында шыныққан жас жігіт өз қатарластарынан оқ бойы озық келді. Басқа да сабақтар бойынша намысты қолдан бермей, үздік көрсеткіштерге қол жеткізді. Барлық жағынан «жақсы» деген баға алған соң ол аталған әскери жоғары оқу орнына қабылданып, курсант атанды.

Күрескер курсант жат елде өз елінің абыройын төкпей, үздіктердің қатарын толықтырды. Саптық дайындық, қару-жарақ түрлері, спорт соңғы төрт жылда оның айнымас серігіне айналды. Оқу орнының басшылығы тарапынан мақтау қағазы мен грамота табыс етілді. Бұл оның талапшылдығының арқасында қолжетімді болды. Аталған оқу орнын ойдағыдай аяқтаған Дәулет Салханов «лейтенант» әскери шенін алып, жолдамамен Алматы облысы Қаракемер кентіндегі 6654 Әскери бөліміне взвод командирі міндетіне кіріседі.

Аталмыш әскери бөлімде табанды еңбек етіп, рота командирі, әскери құрама штабының офицері, полк штабының бастығы лауазымдарынан өтеді. 1976 жылы өзін оң қырынан көрсеткен кейіпкерімізді кәсіби біліктілігін арттыру үшін Мәскеу қаласындағы М.В. Фрунзе атындағы әскери академияға оқуға жібереді. Академияда білімін жетілдірген офицер әскери бөлімге оралып, Штаб бастығы ретінде жеке құрамның жауынгерлік даярлығын арттыруға үлесін қосады. Араға

біраз уақыт салып, сол кездегі Ақмола қаласындағы 6636 Әскери бөліміне командир болып, тағайындалады.

Ұлтымыздың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлы «Командир – жеңістің әкесі» деп айтқан болатын. «Басқа офицерлік қызмет бір төбе де, командир болу бір төбе» десек, қателеспейміз. Өзің сеніп тапсырылған жеке құрамның әр жауынгеріне жауаптысың. Өзің барлық жағынан үлгі болуға тиіссің. Сексенінші жылдардың соңында заң бұзушылықтар көбейіп, адамдар темір тордың ар жағына көптеп қамалды. Сотталған және қамауға алынған адамдарды айдап апару және еңбекпен түзеу мекемелерін күзету Дәулет Қамарұлы басқаратын әскери

ның орынбасары қызметіне тағайындалды. Командирлік тәжірибе оны биік жетістіктерге жетуге шыңдады.

Осылайша қызмет атқарып жатқанда Кеңес Одағының қабырғасы күйреді. Әр ел өздерінің ұлттық пәтерлеріне көшті. Еліміз тәуелсіздік алды. Араға 26 күн салып, күш құрылымдардың ішінде ең бірінші болып, 1992 жылдың 10 қаңтарында Ішкі әскер құрылды. Себебі ішкі тұрақтылық бірінші кезекте тұрды. Отаны бөлек офицерлер кезек күттірмей, өз елдеріне қайтып жатты. Жауынгерді бастап шығар офицерлер тапшылығы орын алды. Барлық жүк кейіпкеріміз секілді ұлттық кадр, қара көз офицерлердің иығына артылды. Жаңа құрылған ұлттық



бөлімге сеніп тапсырылған болатын. Қылмыс әлемі қателікті кешірмейді. Қорқыту, үркіту не болмаса сатып алу әрекетіне барады. Командир өзі де батыр және жеке құрамды батылдыққа үндеуге тиіс. Өйткені, артыңда жауынгерге сенген ел тұрады. Кейіпкеріміз әкелік қамқорлықпен, қатал талапшылдығымен және Отанға деген риясыз сүйіспеншілігімен дараланды. Өзіне жүктелген міндеттерді адал орындай білді. Сол арқылы басшылық тарапынан зор сенімге ие болып, Ішкі әскерлер әскери округі штаб бастығы-

әскерге еліміздің тәуелсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздік, азаматтардың бостандығы мен құқығын қорғау, мемлекеттің әлеуметтік-саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету, арнайы жүктерді және мемлекеттік маңызы бар нысандарды қорғау міндеттері жүктелді. Қазақстан халқының бейбіт өмірі, қалыпты тіршілігінің бұзылмауында үлкен рөл атқаратын ҚР ІІМ Ішкі әскерлердің штабы әскердің миы іспетті болды. Мұнда уақытпен санасу болмайды. Күні-түні еліміздің түкпір-түкпірінен келіп жатқан шұғыл

жедел хабарлар, шұғыл шешімді талап ететін. Республикамыздың әр қаласында орналасқан әскери бөлімдерге тез әрі қысқа да нұсқа тапсырмалар берілуі керек. Дәулет Қамарұлы осы қызметтің қара қазанында қайнады. Бір қарағанда, кәсіби білікті сардарға өз қызметін орындауға оңай көрінер. Шынтуайтына келгенде, тоқсаныншы жылдардың басында жағдай күрделі еді. Офицерлер тапшылығынан бөлек, сардар мен сарбаздардың күнделікті әскери қызмет барысы, жатын орны, киім-кешегі, қару-жарағы мен тамағы, оған қоса штаттан тыс жағдайларды реттеу штабқа келіп тірелетін. Оның үстіне нарықтық экономика тудырып отырған ауыртпашылық әскерді айналып өтпеген кез. Әскери азамат тек соғыс шебері емес, кәсіби дипломат, әккі ұйымдастырушы, іскер болуы тиіс. Басқа біреу болса, қолын бір сілтеп әскерден қашып кетер ме еді. Біздің кейіпкеріміз Отанға деген шексіз адалдығымен алдағы ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсініп, тағдырдың ауыртпалығын қара нардай көтере білді. Өліара уақытта кейіпкеріміз заман сынынан сүрінбей өтті. Қиыншылықтарды жеңіп қана қоймай, қол астындағыларға да жеңімпаздық рухты дарыта алды. Сол себепті оған алдымен дивизияға командирлікті, кейін құқықтық тәртіп әскерінің Бас штаб бастығы лауазымын сеніп тапсырды. Сенім демекші, сара жолдан өткен сардарға ел мен Мемлекет басшылығы да зор сенім артты.

Тоқсаныншы жылдардың басында Дәулет Қамарұлы ҚР ІІМ Ішкі әскерлер Қолбасшысының бірінші орынбасары, Бас штаб бастығы лауазымына тағайындалды. Оған бүкіл әскердің штабын сеніп тапсырды. Барлық қызмет штаб арқылы тарап, өрбіп жатты. Ол үшін күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, талай етіктің табанын тоздырды. Кең байтақ Отанынның бір күні оңтүстігінде болсаң, ертеңіне солтүстігінде боласың. Бұйрықтың аты – бұйрық. Қыстың аязды бораны, жаздың аптап ыстығы, жаңбырлы күні, көктайғақ, батпақ, сулы жер, сусыз шөл тосқауыл болмауы тиіс. Ол есепке алынбайды. Қысқасы, Отан үшін кез келген уақытта дайын болу керек. Кейіпкеріміз де осындай талай түйткілді жағдай, күт-

пеген оқиғаларда әскери тапсырмаларды дәл уақытында орындауда қол астындағыларға басшылық жасап, жауынгерлерін де, өзін де абырой биігіне көтере білді. Сенім биігінен көрінген сардарға «генерал-майор» жоғары әскери атағы табыс етілді. Әйтсе де, бұл сенімнің соңы емес, 1998 жылы генерал-майор Д.Салханов ІІ-дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Бұл орден қоғамдық тәртіпті бұлжытпай сақтағаны, халық мүддесін қорғағаны, әскери және қызметтік міндеттерді орындауда көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы үшін берілді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, кейіпкеріміз қиын-қыстау жылдары Ішкі әскерде басшылық қызметтерді қабылдап, келесі буын командирлеріне барлық жағынан кәсіби даяр әскерді тапсырып кетті. Қызмет барысында өзін білімді де білікті басшы, әкедей қамқор командир ретінде танытты. Қазіргі кезде онымен қызметтес болған, қол астында қызмет еткен сардарлар мен сарбаздар Дәулет Қамарұлын тек жылы сезіммен есіне алады. Он бес жылдай Бас штабты басқарған генерал Д. Салханов адалдығының арқасында жұрт алғысын жинады. Бұл жоғарыда айтылған «Адал азамат» ұғымына дәлме-дәл келеді.

Дәулет Қамарұлы 2007 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Сонда да әскерден қол үзген жоқ. Жастарды тәрбиелейтін патриоттық шараларға белсене қатысады. БАҚ-да өз ойын еркін жеткізіп, жастарды ел қорғаушы болуға шақырады. Жолдасы Шолпан Сәбитқызы екеуі өнегелі отбасы ретінде қырық жылдан аса бірге жүр. Шуақты шаңырақта Талғат пен Рүстем атты екі ұл тәрбиеленіп, ержетті. Немерелері Тайыржан мен Дания дүниеге келіп, ата-апасын балдай тәтті тілдерімен қуантуда. Тайыржан Назарбаев зияткерлік мектебінде оқиды, дарынды музыкант, Дания да білімге құштар бала.

Дәулет Қамарұлы екеуіміздің достығымыз уақыт сынынан сүрінбей, әлі күнге дейін жалғасып келеді. Сонау 1992 жылы алғаш рет таныстық. Мен – Қарулы Күштерге кадр даярлайтын жоғары әскери оқу орнының басшысымын, ол Ішкі әскерлердің Бас штаб

бастығы болатын. Сол кезде басымызды тағы бір керемет азамат Исмаил Абизов ағамыз қосты. Үшеуіміз әлі күнге дейін достығымыздың туын түсірген емеспіз. Әртүрлі әскери-қоғамдық шараларда жолдарымыз жиі тоғысатын болды. Ресми шаралардағы оның сөз саптауы, өзін-өзі ұстауы – бөлек бір әңгіменің парасы. Бұқпантайлығы жоқ, өз ортамызда кейіпкеріміздің басқа да игі қасиеттерімен танысудың жөні келді. Риясыз таза күлкісі, орынды, ойшыл, өткір әзілі, қажет кездегі батыл сөздері оның тұла бойындағы табиғи тазалығын аңғартып тұрғандай. Және ол тұмысынан адал болатын. Ондай азаматтар барлық жерде, барлық жағдайда шынайы болуға тырысады. Жақындарына, дос-жарандарына, отбасына және Отанына адал. Ондай қасиетті қолдан жасай алмайсың. Ол нәрді Жаратқан адам жанына дарытады. Қарабайырлықсыз қарапайымдылық, қиырсыз табандылық, аңғалдықсыз ашықтық, көрсоқырлықсыз басшылық, есепсіз мәрттік, жалғансыз кішіпейілділік және басқа да айтуға сөзің жетпес қасиеттерінің темірқазығы ішкі адалдығына байланып тұр.

Бүгінгі таңда Ардагерлер ұйымы арасында түрлі спорттық жарыстар ұйымдастыруға атсалысып келеміз. Кейіпкерімізбен «Динамо» спорт қауымдастығы аясында волейбол, теннис, бильярд секілді спорт түрімен айналысып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарымен айналысып жүрміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ұландағы қызмет бүгінде патриотизм мен ерліктің нағыз мектебіне айналғанын атап өткенін білеміз. Генерал Дәулет Салханов Ұлттық ұлан жауынгерлерінің әрқашан да Отан қорғаушы және тәртіп сақшысы атына лайықты болуына үлкен үлес қосты. Ол – елжандылық дәстүр мен патриотизм мектебінің іргетасын қалаушылардың бірі әрі бірегейі.

75 жылдық мерейтой қарсаңында Дәулет Қамарұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт, талмас қанат, қажымас қайрат тілеймін. Осындай отаншыл ерлеріміз көп болсын!

Абай ТАСБОЛАТОВ,
генерал-лейтенант

СОВРЕМЕННЫЙ ФОРМАТ РУКОВОДИТЕЛЯ

В СИСТЕМЕ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ

«В глазах общества полицейский – это полномочный представитель власти. От ваших слов и действий напрямую зависит отношение граждан к государственной политике и проводимым в стране реформам».

Президент Касым-Жомарт Токаев

С 2021 года Алматинская академия МВД РК им. М. Есбулатова плодотворно внедряет программы дополнительного образования по подготовке руководящего состава органов внутренних дел (старший и средний начальствующий состав).

Ключевым критерием здесь является необходимость формирования у обучающихся таких компетенций, как лидерство и корпоративное единение, профессиональная проницательность, стратегическое и системное мышление, конструктивизм в диалоге с населением и средствами массовой информации.



Эффективность руководства напрямую зависит от личных качеств руководителя, индивидуальных особенностей управления и личного подхода к порученному делу. В современной теории управления существует понятие «стиль руководства», под которым понимается индивидуальное сочетание профессиональных, организационных, морально-нравственных и деловых качеств руко-

водителя. Стиль руководства проявляется в применении руководителем форм и методов управления.

Несомненно, достижения современной науки и техники серьезно влияют на формы и методы организации образовательного процесса. Однако, в подготовке руководителей новой формации основной упор делается на приоритет вербальных коммуникаций. Мы отходим от тра-

диционных форм общения спикера и аудитории, отдавая предпочтение аудиторным занятиям иного формата: тренингам, специальным курсам и др.

В формате лидерских лекций проходят встречи слушателей факультета с депутатами Парламента, омбудсменом, руководителями департаментов центрального аппарата МВД и территориальных подразделений полиции, прокуратуры, антикор-

рупционной службы и Национальной гвардии. С гуманитарной точки зрения позитивны и полезны контакты слушателей с видными общественными деятелями, яркими представителями науки, культуры и искусства.

Наряду с профессиональной подготовкой управленцев, особое внимание уделяется морально-этической и коммуникативной подготовке, ораторскому искусству, вопросам финансовой и правовой грамотности, проектному, кризисному и HR-менеджменту.

Отдельным модулем предусмотрена психологическая подготовка, освоение которой позволит закрепить знания о психологических основах эффективного управления, психологии личности руководителя, в том числе в экстремальных условиях.

В рамках культурно-просветительской работы слушатели факультета посещают Центральный государственный музей Республики Казахстан, Государственный му-

зея искусства им. А. Кастеева, музей истории Алматы, дом-музей Д. А. Кунаева, Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», военно-исторический музей МО Республики Казахстан, Казахский национальный театр оперы и балета им. Абая, Казахский государственный академический театр драмы им. М. О. Ауэзова и другие.



зей искусства им. А. Кастеева, музей истории Алматы, дом-музей Д. А. Кунаева, Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», военно-исторический музей МО Республики Казахстан, Казахский национальный театр оперы и балета им. Абая, Казахский государственный академический театр драмы им. М. О. Ауэзова и другие.

Слушатели факультета подготовки руководящего состава, успешно освоившие учебную программу, зачисляются в кадровый резерв МВД

Республики Казахстан для выдвижения на вышестоящую должность. Создание резерва выдвижения – ответственная и важная задача подготовки кадров на каждый конкретный участок руководящей работы. Основным и главным условием для выдвижения лица в резерв является



его квалификация, наличие организаторских способностей и деловых качеств, необходимых для руководящей работы, а также глубокое понимание, стоящих перед органами внутренних дел задач на современном этапе. Руководитель должен быть принципиальным и настойчивым в решении оперативно-служебных задач. Принципиальность – это профессиональный подход к делу в интересах Родины и народа.

Формирование кадрового резерва диктуется принципом преемственно-

сти кадров в органах внутренних дел, означающий: упорядочение механизма продвижения по службе и повышение эффективности подготовки руководящих кадров органов внутренних дел; поэтапное обновление центрального аппарата МВД, руководящего состава в территориальных

и транспортных органах внутренних дел, подразделениях и учреждениях МВД; возвращение и выдвижение перспективных сотрудников, проявляющих творческую инициативу, обладающих организаторскими качествами, умеющих правильно строить взаимоотношения в коллективе, морально устойчивых, умеющих адекватно ориентироваться в стрессовых и иных ситуациях.

Поэтому, придавая особое внимание эффективности освоения учебного материала слушателями факультета подготовки руководящего состава, на этапе отбора кандидатов на обучение необходимо отдавать предпочтение лицам, обладающим хорошей теоретической подготовкой, знанием национального и ведомственного законодательства, стремлением повышать личное профессиональное мастерство, навыками эффективного применения новаторских идей, ресурсами для выполнения большого объема работы, методами организации коллективного труда, способностями привлекать к себе полезных



людей и создавать здоровую обстановку в коллективе.

Особой гордости заслуживают выпускники факультета подготовки руководящего состава, назначенные руководителями департаментов центрального аппарата МВД, департаментов полиции городов, областей и на транспорте. Это начальник ДП Павлодарской области генерал-майор полиции В. В. Скляр (выпуск 2022 года), заместитель председателя Комитета миграционной полиции МВД полковник полиции Д. С. Казбеков (выпуск 2023 года), заместитель начальника ДКП МВД полковник полиции Р. С. Назаров (выпуск 2022 года), заместитель начальника Департамента по борьбе с организованной преступностью МВД полковник полиции Р. Д. Садиров (выпуск 2022 года), начальник ДП СКО полковник полиции А. Т. Кабдулдинов (выпуск 2021 года), начальник ДП на транспорте полковник полиции Б. А. Малыбаев (выпуск 2021 года), начальник ДП Акмолинской области полковник полиции Н. М. Мукашев (выпуск 2022

года), начальник ДП Атырауской области полковник полиции Н. К. Уразбаев (выпуск 2021 года), начальник ДП области Жетысу полковник полиции С. З. Кусаинов (выпуск 2022 года), первый заместитель начальника ДП на транспорте полковник полиции М. Д. Айтуганов (выпуск 2022 года), первый заместитель начальника ДП области Абай полковник полиции Е. М. Базаров (выпуск 2022 года), первый заместитель начальника ДП Астаны подполковник полиции Э. Н. Данияров (выпуск 2022 года), заместитель начальника ДП области Абай полковник полиции Ш. М. Кунанбаев (выпуск 2023 года), заместитель начальника ДП Павлодарской области полковник полиции Б. Е. Нурсеитов (выпуск 2022 года), заместитель начальника ДП области Жетысу полковник полиции М. Т. Омаров (выпуск 2023 года), заместитель начальника ДП Жамбылской области полковник полиции Н. Э. Рахметуллаев (выпуск 2022 года), заместитель начальника ДП Туркестанской области полковник полиции Б. Сапар (выпуск 2022 года).

Резюмируя хотелось бы отметить, что имидж современного полицейского руководителя связан, в первую очередь, с его высоким уровнем профессионализма, наличием развитых идейно-политических и морально-нравственных качеств, определенного культурного уровня, интеллигентности. Руководителю необходимо обладать высокими организаторскими качествами, широким кругозором, футурологической способностью предвидеть и предвосхищать, свободой и вариативностью мышления. Большинство из названных умений и навыков приобретаются в процессе накопления жизненного опыта посредством самовоспитания и саморазвития.

Айдос ЕСКЕНДИРОВ,
начальник факультета подготовки руководящего состава
Алматинской академии МВД РК
им. М. Есбулатова
к.ю.н., полковник полиции



КҮРДЕЛІ ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУДА КРИМИНАЛИСТЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Қоғам тыныштығы мен қылмыстың алдын алудағы маңызды саланың бірі – криминалистика. Қылмыскерлерді ұстауда криминалистердің еңбегі зор. Себебі, қылмыс болған жерге табаны бірінші тиіп, айғақтарды жинайтын – осы мамандық иелері. Десе де, қазір заңды елемейтіндер саусақ ізі арқылы тым сирек ұсталатын көрінеді. Жауапқа тартылмас үшін қолғап киіп, әр қимылдарын алдын ала ойластырып жасайды. Бірақ криминалистика саласы да бір орында тұрған жоқ. Қылмыс жасағандардың кім екенін анықтаудың амал-тәсілдерінің жаңа технологиялары жыл сайын жаңарып келеді. Өйткені, күдіктіні анықтау мен қылмысты ашу, оқиға орнынан алынған заттай дәлелдеме арқылы мән-жайдың ақ-қарасын ажырату криминалистердің еншісінде. Бұл саланың бүгінгі жай-күйін білу үшін Түркістан облысы полиция департаментінің Жедел-криминалистикалық басқармасына барған едік.

Криминалист мамандығы сырт көзге өте қарапайым болып көрінеді. Оны толық игеріп білікті маман болу үшін, әрине, ең алдымен тынымсыз ізденіс пен еңбек керек. Себебі, күнделікті орын алып жатқан қылмыстардың ізін суытпай, тез арада ашылуына криминалистің тигізер септігі мол. Қазіргі таңда криминалистика саласы да жаңарып келеді. Бұрындары криминалистер тек айғақпен, сия арқылы қолтаңба алатын. Ал техниканың дамыған заманында қылмысты ашу жолы да жыл сайын жетіліп, заманауи техникалармен жабдықталуда.

Жедел-криминалистика басқармасы – ішкі істер органдарында аса

жедел-тергеу тобының құрамына қатысады. Оқиға орнында қылмыскер қалдырған іздерді табу, бекіту, алу, олар бойынша криминаликалық зерттеулер жүргізу, зерттеудің сапасы мен толықтығына байланысты жұмыстарды атқару – біздің мамандардың мойнында. Бұдан өзге олар криминаликалық есептер бойынша тексеруді тікелей жүзеге асырады. Қазір қылмыстық істерді жүргізудің электрондық форматын енгізуге және істерді тергеп-тексеруді оңтайландыруға байланысты криминаликалық зерттеулерді жүргізу бойынша жүктемелер саны артты. Сәйкесінше олардың сапасына, толықтығы мен дұрыс-

раттарды іздеу жүйесімен жәбірленушілерге қарату арқылы 68 қылмыстың ашылуына септігін тигізген.

Ал биыл екі айда тіркелген 880 қылмыстың 382-сі бойынша криминалистер оқиға орындарын қарап, тексеруге қатысып, 313 қылмыс орнынан заттай дәлелдемелер алған. Қол-саусақ іздерімен – 34, жеке басты биометриялық сәйкестендіру жүйесімен – 30 және автоматтандырылған ақпараттарды іздеу жүйесімен жәбірленушілерге қарату арқылы 17 қылмыстың ашылуына үлес қосқан.

Айта кету керек, бүгінгі күні жедел-криминаликалық қызмет елеулі өзгерістерге ұшырады. Олай дейтін себебім, осыдан қырық жыл бұрын криминалистер қылмыскерді анықтау үшін оған көп уақыт жұмсайтын. Себебі, ол кезде қылмыскердің бейнесі куәгерлердің айтуы бойынша салынатын. Сонымен қатар қылмыстық оқиға орын алған жерге жеткен криминалистер оқиға орнын суретке түсіріп, оны лабораторияға барып шығаратын. «Елу жылда – ел жаңа» демекші, соңғы жылдары жаңа технологияның арқасында қылмыскерді оқиға орнынан ұзатпай-ақ құрықтауға мүмкіндік мол.



маңызды әрі жауапты рөл атқарып, қылмысқа қарсы күрес ісіне лайықты үлесін қосып келеді. Түркістан облысы ПД-нің Жедел-криминаликалық бөліністерінің криминалистері оқиға орындарынан айғақтарды инемен құдық қазғандай жинап, қылмыстың бүкіл картинасын әр сәтіне дейін құрастырып, орын алған қылмыстың жедел ашылуына мұрындық болып жүр. Бұл жөнінде Түркістан облысы полиция департаменті Жедел-криминаликалық басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұржан Әбдіқалықов айтып берді.


– Криминалистика – ішкі істер саласында ойып алар орны бар ерекше қызмет. Өйткені, біздің сала қылмыстың алдын алуға, жолын кесуге және тергеп-тексеру барысына жауап береді. Қылмыстың барлық мән-жайын анықтау үшін маман-криминалистер оқиға орындарын қарап-тексеруге

тығына қатысты криминалистердің жауапкершілігі де артты деген сөз. Міне, осындай жұмыстарды сапалы атқару үшін маманның жауапкершілігімен бірге материалдық-техникалық жабдықталу да мықты болуы тиіс. Бұл үшін қазір жедел-криминаликалық бөліністер жүктелген міндеттерді атқаруға қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етіліп жатыр. Мысалы, заман талабына сәйкес жаңа модельдегі құрал-жабдықтарға уақтылы тапсырыс жасалады, – дейді Нұржан Сәбитханұлы.

Басқарма бастығының сөзіне қарағанда, 2023 жылы тіркелген 4414 қылмыстың 2239-ы бойынша мамандар оқиға орындарын қарап, тексеруге қатысқан, 1587 қылмыс орнынан заттай дәлелдемелер алынған. Қол-саусақ іздерімен – 198, жеке басты биометриялық сәйкестендіру жүйесімен 62 және автоматтандырылған ақпа-

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі криминалистика саласы оң өзгерістерге ұшырады. Егемендікке қол жеткізгелі ІІМ қол және аяқ киім іздерінің, қылмыс орнынан алынған қарудан атылған оқ пен гильза іздерінің, субъективті портреттің есептерін қалыптастыруға, портреттік зерттеулерді, ДНҚ, одорологиялық және психофизиологиялық зерттеулерді жүргізуге арналған аппараты арқылы жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ жедел-криминаликалық бөліністерді жабдықтау үшін жылжымалы криминаликалық зертханалар, оқиға орнын үш өлшемді модельдеу кешені, автоматтандырылған ақпараттық-іздеу бағдарламалары бар криминалистің жұмыс орны, автоматтандырылған баллистикалық іздеу кешені, шапшаңдықты өлшейтін оқ ұстағыштар және



басқа да техникамен жабдықталған. ДНҚ зертханасы қысқа мерзімде зерттеулерді, әсіресе, тергеп-тексеру 10 күндік мерзімде аяқталуы тиіс болған жағдайда жеңілдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша істерді жүргізуге мүмкіндік береді. Сот сараптамасы орталығында бұл зерттеулер үш айдан алты айға дейін жүргізіледі. Ішкі істер органдарындағы осы мүмкіндіктердің арқасында оқиға орнынан алынған іздерді биологиялық зерттеу (ДНҚ) жедел жүргізіледі. Қылмыстың мән-жайы, атап айтқанда, кісі өлтірудің нақты орны, дәлірек айтсақ, кейбір жағдайда қылмыс жасалған орыннан мәйіттің орнын ауыстырғанда, қару саны мен қылмысты жасау тәсілі бойынша кісі өлтірген адамдардың санын анықтауға да көмектеседі.

– Осы жылдың алғашқы үш айында оқиға орындарын қарап, тексеру жұмысы Түркістан облысы полиция департаментінің жедел-криминалистикалық басқармасы мамандарының қатысуымен жүргізілді. Олар қазіргі заманғы криминалистикалық техниканың көмегімен әртүрлі іздерді алуға қол жеткізді. Заманауи жаңа технологияларды қызмет барысында кеңінен қолданып жатырмыз. Айталық, криминалистикалық жарықтың аппараттық көздерін алып қарасақ, бұл биологиялық іздерді табуға көмектеседі. Ал динамикалық белгілер бойынша жеке басты сәйкестендіру

бағдарламалары мен цианоакрилат және нингидрин камералары барлық заттардың беткі қабатынан көзге көрінбейтін іздерді табуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ магнитометрлер, металлодетекторлар, жарғыш заттар буының детекторлары, георадарлар, пилотсыз ұшу аппараттары, лазерлік 3D-сканерлеу жүйесі оқиға орнының үш өлшемдік моделін құруға қауқарлы құрал-жабдықтар болып табылады. Қазір бұрынғыдай емес, дәстүрлі қол іздерімен, трасологиялық іздермен қатар, биологиялық іздер мен микробөлшектер де алынады, – дейді басқарма бастығы.

ФОТОРОБОТ НЕМЕСЕ СУБЪЕКТИВТІ ПОРТРЕТ

– Жалпы, куәгерлер мен жәбірленушілерден іс бойынша анықтауға жататын, оқиғаның мән-жайы туралы алынатын ақпараттың арасында оқиға орнынан жасырынған, іздестірілудегі және хабарсыз кеткен адамдардың сырт бейнесі туралы ақпаратты алу маңызды. Қылмыскердің портретін жасап шығару адамның сырт бейнесінің белгілері туралы нақты ақпаратқа негізделеді. Кез келген субъективті портреттің негізі – ізделіп жатқан адамның ойша образы. Бұл екі тәсілмен жасалуы мүмкін. Біріншісі бойынша суретшінің көмегімен қылмыскердің бейнесі салынады, ал екіншісі автоматтанды-

рылған ақпараттық-іздеу жүйесінің (ААІЖ) көмегімен жасалады. Түркістан облысы полиция департаментінің Жедел-криминалистикалық басқармасының штатында суретшілер жоқ. Криминалистер өз қызметінде ААІЖ-ны қолданады. ААІЖ-ның жетістігі композициялық портретті, адамдардың суретін автоматты кодтау және оларды дерекқорға енгізу, композициялық портреттер мен адамдардың суреттері дерекқорлары бойынша жаңа объектіні енгізу кезінде іздеуді іске қосудың автоматты режимі, сондай-ақ, криминалистердің қарап шығуы үшін ұсынылатын тізімдерді құруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда жүйе көмегімен қылмыстардың 1/5 бөлігі ашылуда.

Криминалистика айғақтарды, айғақ заттарды, дәлелді жинауға, зерттеп баға беруге және оларды пайдалануға мүмкіндік береді және қылмыстардың алдын алады. Сонымен қатар қылмыстың жасалу әдісін, тергеуді жүргізу техникасын және методикасын жасайды. Қазіргі таңда криминалистиканың техникалық жүйесі криминалистикалық суретке түсіру және бейнежазу, трасология, сот баллистикасы, қолжазбаларды (таңбаларды) техникалық-криминалистік зерттеу, сырт келбетіне қарай адамды идентификациялау, криминалистік зерттеу және есепке алу жүйелері қолданылады.

Криминалистер қылмыс орын алған жерді сары жолақпен қоршап қояды. Соның ішінде қайтыс болған адамды, не болмаса ұрлық жасалған жерді фотосуретке түсіріп, түрлі ізге түсеміз. Алынған іздерді базаға енгізіп, базадағы мәліметтермен салыстырмалы тексеріс жүргіземіз. Ол іздерді табудың түрлі әдіс-тәсілдері бар. Мысалы, саусақ және аяқ іздері, шаш немесе тағы басқа айғақтар арқылы қылмыскерлерді іздеумен қатар, қылмыскерлердің иісі арқылы табу тәсілі де бар, – дейді Нұржан Әбдіқалықов.

ІЗІ СУЙМАЙ АШЫЛҒАН ҚЫЛМЫСТАР

Шындығында, қылмыскердің кім екендігін анықтауда, бірінші кезекте

осы криминалистердің жинаған деректері өте маңызды. Полиция қызметінде криминалистика саласының өзіндік қиындығы бар. Антқа адал қызмет ету – ұжымның басты ұстанымы. Кез келген қылмыстың ашылуында әрбір қалған ізді қалт жібермей, өзіндік үлес қосып келеді. Атап айтар болсақ, 2023 жылы 5 тамызда Түркістан облысындағы Арыс қаласында салынып жатқан үйінің ауласында демалып отырған адамдарға бетперде киген екі адам мотоциклмен келіп, оқ жаудырған. Соның салдарынан екі азамат оқиға орнында жан тапсырып, тағы екі азамат жарақат алды. Осы дерек бойынша Түркістан облысы полиция департаменті Жедел-криминалистикалық басқармасының криминалистері қылмыстық оқиға орын алған жерге тез жетіп, қарап, тексеруге қатысты. Кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігінің арқасында мамандар оқиға орнынан шамамен үш шақырым жердегі жыраға тығылған қару-жарақ пен мото-шлемдерін тапты. Күдіктілер табылған заттай айғақта қалған саусақ іздері арқылы анықталды. Күдікті ішкі істер органдарына жеткізіліп, тергеп-тексеру барысында қылмыстық топтың тағы бес мүшесі құрықталды.

Сондай-ақ Түркістан облысында орын алған пәтер ұрлығын күдіктінің саусақ іздері арқылы анықталды. Нәтижесінде көршісінің үйіне ұрлыққа түскен ер адам ұсталды. Бұл ретте полицияға жергілікті тұрғын арызданды. Әйел өз арызында белгісіз біреудің үйіне заңсыз кіріп, 200 000 теңге ақшасы мен 20 000 теңге көлемінде бағаланатын алтынның жымқырып кеткенін көрсетті. Хабар алысымен оқиға орнына бірден жедел-тергеу тобы шықты. Ұрлық болған үйдің бөлмелеріндегі барлық іздер алынып, қылмыстың ашылуы жолында әріптестерім шұғыл әрекет етті. Оқиға орнынан айғақ заттар мен дәлелдемелер жинадық. Соның нәтижесінде жарты тәулік ішінде күдіктінің жеке-басы анықталып, оны тұрғылықты мекенжайынан ұстады. Белгілі болғандай, күдікті көршісінің үйінде ешкім жоқтығын, терезенің ашық қалғанын пайдаланып, үйге



заңсыз еніп, қолына түскен бағалы дүниелерді жымқырып кеткен. Күдікті ер адамнан айғақ зат ретінде алтын мен ақшаның бір бөлігі алынды. Анықталғандай, ер адам ақшаның жартысын өз қажетіне жұмсап үлгерген. Осы жайт бойынша қылмыстық іс ҚР ҚК-нің 188-бабы бойынша тіркеліп, сотқа жолданды. Соттың үкімімен күдікті кінәлі деп танылып, оған 3,5 жылға шартты түрде бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды. Алайда өзінің соттылығынан нәтиже шығармаған қылмыскер арада бір ай өткенде қайтадан ұрлық жасап ұсталды. Яғни, өзгенің үйіне

түнгі уақытта тағы да заңсыз кіріп, үй иесінің ұйықтап жатқанын пайдаланып, қуаттағышта тұрған ұялы телефонын қолды қылған. Күдікті қазіргі таңда қамауға алынған.

Иә, айта берсек, Түркістан өңірінде мұндай деректер көптеп кездеседі. Біздің мақсатымыз – алдымызда кездескен ірілі-ұсақты қылмыстарда іскерлік тәжірибемізді қолдана отырып, оң нәтиже шығару. Бұл бағытта ізденуден, үйренуден жалықпаймыз, – дейді полиция полковнигі Нұржан Әбдіқалықов.

Раушан НАРБЕК,
Түркістан облысы

ПЕРВЫЕ ШАГИ К ПРОФЕССИИ СЛЕДОВАТЕЛЯ



Обеспечение подразделений органов внутренних дел квалифицированными кадрами является одним из индикаторов эффективности деятельности департаментов полиции регионов. О комплексной работе по привлечению кандидатов из числа гражданской молодежи на службу в следственные подразделения рассказали в Департаменте полиции Павлодарской области.

СО ШКОЛЬНОЙ СКАМЬИ

Как отметил заместитель начальника Департамента полиции Павлодарской области полковник полиции Рашад Утеуов, комплекс мероприятий по подготовке кандидатов для службы в следственных подразделениях начинается с профориентации школьников. Ведомство взаимодействует со школами региона по привлечению учащихся старших классов для поступления в ведомственные вузы МВД и получения специализации, связанной с досудебным расследованием.

Особо тесное взаимодействие налажено с Областной специализированной школой-лицеем «Жас сарбаз» имени Кабанбай батыра. Департамент полиции региона и школа заключили меморандум о сотрудничестве.

– Школа-лицей «Жас сарбаз» ори-

ентирована на воинскую дисциплину. Учебный процесс здесь существенно отличается от обычной школы. Воспитанников обучают строевой подготовке, соблюдению устава. В случае поступления в ведомственные вузы МВД воспитанникам легче адаптироваться к проживанию в казарме. В 2023 году 6 выпускников этой школы поступили в ведомственные учебные заведения МВД по линии досудебного расследования. В этом году изъявляют желание поступить 12 воспитанников школы, – подчеркнул Рашад Утеуов.

В апреле прошлого года Департаментом полиции совместно с Управлением образования Павлодарской области в школе-лицее «Жас сарбаз» открыт учебный класс в честь 100-летия уроженца Павлодарской области генерал-майора милиции Ахмета Тумарбекова – заместителя министра внутренних дел Казахской ССР, обла-

дателя званий «Заслуженный работник МВД СССР», «Заслуженный работник МВД Казахстана».

– В данном классе в дополнение к общему образованию, согласно отдельному плану, проводятся занятия для подготовки желающих поступить в высшие учебные заведения МВД. Готовят будущих абитуриентов к поступлению опытные сотрудники следственного управления и оперативно-криминалистического управления Департамента полиции области, – сообщил Рашад Утеуов.

Класс оснащен интерактивной доской, юридической библиотекой, методическими пособиями, информационными стендами, а также памятками материалами о жизнедеятельности А. Тумарбекова. В 2023 году начальник Алматинской академии МВД РК имени М. Есбулатова, ныне заместитель министра внутренних

дел генерал-майор полиции Айдар Сайтбеков передал в дар в библиотеке кабинета имени А. Тұмарбекова книгу о его биографии.

Занятия проводятся 1 раз в неделю в течение учебного года. Материал, который дается на занятиях, расширяет знания для подготовки выпускников к поступлению в ведомственные вузы. Кроме того, с воспи-

учащимися выпускного класса лица и следователями области.

СОТРУДНИЧЕСТВО С УНИВЕРСИТЕТОМ

Департамент полиции региона заинтересован в том, чтобы в подразделения следствия и дознания пришли подготовленные ребята, которые

ническое оборудование, находящееся на вооружении у сотрудников полиции, а самое главное – профессионалы своего дела. С участниками клуба проводится работа по изучению наиболее актуальных вопросов правоохранительной деятельности и тактики расследования отдельных видов преступлений, – рассказал Рашад Утеуов.

Для студентов Toraihyrov University



тниками проводятся занятия профилактического характера.

Помимо организации дополнительных занятий в рамках меморандума о сотрудничестве в январе прошлого года 10 учащихся выпускного класса школы-лицея «Жас сарбаз» побывали на встрече с министром внутренних дел в Астане. В феврале 2023 года для будущих выпускников школы-лицея, изъявивших желание поступить в ведомственные вузы, была организована ознакомительная поездка в Карагандинскую академию МВД имени Б. Бейсенова, где они также встретились с руководством Следственного департамента МВД РК.

В мае 2023 года в честь Дня защитника Отечества состоялся товарищеский матч по футболу между

имеют желание проявить себя. В этих целях ведомством налажено сотрудничество с Toraihyrov University, заключен меморандум.

В декабре 2019 года в рамках меморандума был создан юридический клуб «Жас заңгер» для подготовки студентов по профориентированной программе с дальнейшим трудом устройством.

– В клубе «Жас заңгер» будущие юристы могут закрепить на практике полученные теоретические навыки, ознакомиться с работой следователей, дознавателей, криминалистов. Юридический клуб помогает студентам сделать первые шаги к будущей профессии. Для этого в департаменте имеются все необходимые условия: учебный полигон, современное тех-

проводятся ознакомительные экскурсии в Департамент полиции, музей и Центр оперативного управления, одорологический центр ДП области, демонстрация передвижной криминалистической лаборатории.

Ежегодно для прохождения производственной и преддипломной практики в ДП области направляются около 100 выпускников данного вуза, часть из которых после получения диплома приходят в органы полиции.

В рамках сотрудничества в 2023 году в честь 60-летия образования следственных подразделений на базе Toraihyrov University Департаментом полиции региона совместно с университетом открыт следственно-криминалистический полигон.

– Здесь студенты практикуются в



применении навыков криминалистики, знакомятся с правилами проведения осмотра места происшествия, методиками расследования преступлений и моделированием реальных ситуаций. На полигоне предусмотрены жилая квартира и учебный кабинет, которые оснащены необходимой для инсценировки мебелью, манекенами и декорациями, также современным оборудованием, технико-криминалистическими средствами и методической литературой, – отметил Рашад Утеуов.

В ходе занятий на полигоне студентам рассказывают о том, как раскрывают затяжные, сложные дела, убийства. С теми, кто в будущем намерены стать следователями-дознателями, криминалистами, сотрудниками следственного управления, два раза в неделю проводит занятия

Владимир Аркадьевич Вязнюк – полковник милиции в отставке, ветеран следственной службы. Он является высококлассным специалистом и в рамках поддержания практики преемственности поколений передает молодежи свои знания и опыт.

20 декабря 2023 года в Toraighyrov University состоялось торжественное открытие аудитории криминалистики в честь заслуженного работника МВД СССР и почетного ветерана органов внутренних дел генерал-майора юстиции Рустема Кайдарова. Здесь опытные сотрудники следствия и оперативно-криминалистического управления ДП Павлодарской области проводят практические занятия для студентов факультета юриспруденции. Основной целью занятий является закрепление теоретических знаний, формирование умений и навыков.

– Стрессогенный характер труда сотрудников правоохранительных органов предполагает тщательнейший профессионально-психологический отбор, выявление осознанной готовности, способности и пригодности кандидатов для службы. При отборе кандидатов на службу в полицию особое внимание уделяется их образовательному уровню, морально-деловым качествам, состоянию здоровья и физической подготовке. Работа со студентами позволяет нам в дальнейшем привлечь для работы в органах внутренних дел максимально подготовленных и целеустремленных молодых специалистов, – резюмировал Рашад Утеуов.

Мансия САКЕНОВА,
фото Медета АШИРБЕКА,
архив ДП Павлодарской области

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕЙТІН КУРСАНТ

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясында өнер мен спортты серік еткен курсанттармен қатар, тілге деген құрметі мен сүйіспеншілігі ерекше жастар да оқиды.

Солардың бірі – 1-курс курсанты Милана Витальевна Костромина. Милананың бойындағы бір ерекшелігі – оның қазақ тіліне деген құрметі.

– Менің анам Жанар – қазақ, әкем Виталий – орыс. Біздің отбасымызда тілге байланысты ешқандай кедергі жоқ. Орыс тілінде де, қазақ тілінде де еркін сөйлейміз. Ата-анамның маған сәби кезімнен екі тілде қатар сөйлеуіме ықпал еткенінің арқасында мен есейгенде тілден ешқандай қиындық көрген жоқпын. Олардың екеуі де екі тілде еркін сөйлейді. Ең маңыздысы, бала күнімнен полиция қызметкері болсам деген арманымды орындау үшін Алматы академиясына түскенімде екі тілде жетік сөйлеудің арқасында түрлі іс-шараларға қатысып, білімімді шыңдай түстім, – дейді курсант Милана Костромина.

Милана Жетісу облысына қарасты Текелі қаласында туған. Текелі қаласы – Кеңес Одағы кезінде қорғасын-мырыш комбинатымен аты

шыққан, таудың етегіндегі әсем қала. Табиғаты тамылжыған көкөрай қалада қазақтармен бірге басқа ұлт өкілдері де аралас тұрады. Кезінде көп қолданылатын «Тілі басқа болғанмен, тілегі бір, жүзі басқа болғанмен, жүрегі бір» деген қағидалы сөздің мағынасы қазір «Тілі біргенің – тілегі бір» деген мағынаға ойысып кеткені сөзсіз.

Милана Текеліде туғанымен, орта мектепті қазақтың қаймағы бұзылмаған жері – Ақтау қаласында бітірді. Қазақтың рухты өлкесінде де аты-жөні орысша, тілі қазақша қыз қазақ тілін білгенінің арқасында қашан да құрметке бөленіп жүрді.

– Менің қазақ тілінде еркін сөйлеуіме біріншіден, ата-анам көмектессе, екіншіден, Ақтау қаласындағы өзім оқыған Серікбол Қондыбай атындағы №22 мектеп-гимназиясының ұстаздары ықпал етті. Әсіресе, Амангүл Қойбағарова, Жұлдыз Батырова апайлардың көмегі көп болды. Олар менің қазақ тіліне деген махаббатымды

ұштап, мол білім берді, – дейді мектеп қабырғасындағы аяулы ұстаздарын мақтанышпен еске алған Милана.

Бүгінде ол қазақ және орыс тілдерімен қатар, түрік тілі мен ағылшын тілін үйреніп жүр. «Боламын деген баланың белін бу» дегендей, курсанттардың тіл үйренуіне аталған оқу орнында жақсы жағдай жасалған.

Академияның кіре берісінде «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында оқу және қызмет ету – абырой мен құрмет!» деген сөз жазылып тұр. Бүгінде академияда білім алып жатқан болашақ офицерлер осы сөздің құдыретін күн сайын бойына сіңіреді. Солардың қатарында Милана Витальевна – бүгінгі абырой мен құрметін Қазақстан полициясының сапында жалғастырды армандап жүрген курсант.

**Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ,
Алматы қаласы**

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАДАҒАЛАНАДЫ



Негізінен жолаушылар және жүк тасымалымен айналысатын бұл салада құқық тәртібінің сақталуына, қоғамдық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне қойылған қатаң талап бар. Осы талап – желілік полиция бөліністерінің алдына қойылған басты міндет.

Сағат сайын ауысатын жолаушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмысқа тосқауыл қою желілік полиция қызметкерлерінен қырағылық пен тынымсыз еңбекті қажет етеді. Осы орайда Қазақстандағы ірі теміржол станцияларының бірі болып табылатын Семей станциясындағы желілік полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Жанат Нұрахимұлы Ибраевпен сұхбаттастық. Әңгіме барысында полиция подполковнигі желілік бөліністің жұмыс ерекшелігі жөнінде баяндады.

– Семей станциясындағы ЖПБ қызметі қандай аумақты қамтамасыз етеді?

– Семей станциясындағы Желілік полиция бөлімінің жалпы қызмет көрсету аумағы 726,5 шаршы шақырымды қамтиды. Осы аумақта 10 теміржол вокзалы, 29 теміржол станциясы, 20 разъезд және Семей қаласының Абай Құнанбайұлы атындағы Халықаралық әуежайы орналасқан. Біздің бөлімнің қызметкерлері теміржол бойындағы құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

– Тәулік бойы жолаушылар үзілмейтін станциядағы, теміржол бойындағы қылмыстық ахуал қандай?

– Желілік полиция бөлімінің алдына қойылған басты міндет – жолаушылар пойыздарында, әуежайда, теміржол объектілерінде, теміржол вокзалдарында қоғамдық қауіпсіздікті және теміржол арқылы тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар теміржол объектілерінде болған қылмыстарды ашу, қылмысты болдырмаудың жолдарын қарастыру,

алдын алу, вокзалдарда террористік актілер қаупінің орын алуына жол бермеу, азаматтардың жарақаттануының, оның ішінде теміржолдағы балалар жарақаттануының алдын алу, теміржол бойында адам қағу, малдарды басу оқиғаларын болдырмау болып табылады.

Біздің қызмет көрсету аумағымызда қылмыстық ахуал тұрақты деп сеніммен айта аламын. Өткен жылы қылмыстың ауыр түрлері бойынша 17 дерек тіркелді. Ауырлығы орташа жеті қылмыс орын алып, олардың ашылуы 91,7%-ды құрады. Ұрлық

бойынша 10 қылмыс тіркелді. Оның ішінде үш дерек жүк ұрлығы болды. Сонымен қатар өткен жылдар сана-тындағы екі қылмыс ашылды.

– Теміржол халықаралық қатынас жолы болғандықтан, бірнеше жүздеген елді мекендерді басып өтіп жатады. Ағылған қарақұрым халықтың арасында қылмыстың қай түрлері басым?

– Жолаушылар пойыздарында және теміржол вокзалдарында, басқа да объектілерде жалпы жеке меншікке қарсы қылмыстар басымырақ. Мысалы: азаматтық тұлғалардың әмияндары, қол сөмкелері, ұялы телефон ұрлықтары, тіпті ұмытып кету оқиғалары да орын алып тұрады.


– Жалпы, қылмыстың алдын алу үшін қандай шаралар қабылданауда?

– Бөлімнің қызмет көрсету аумағында негізінен, жеке мүлікті жымқыру, соның ішінде ауыр жүктерді ұрлау жиі кездеседі. Осындай қылмыстардың алдын алу күнделікті жұмыс тәртібіне қойылған. Таратып айтар болсақ, ұрлықтардың алдын алу үшін біз қызметкерлермен бағалы жүктерді жасырын ілесіп жүру арқылы және станциядан станцияға эстафеталық тәсілмен қабылдап, тапсырамыз. Сонымен қатар теміржол күзетшілерімен және басқа да күзет ұйымының қызметкерлерімен ұдайы бірлесіп, жұмыстар атқарамыз. Ал жеке меншікке қарсы қылмыстар бойынша біздің аумақ арқылы өтетін жолаушылар пойыздарына арнайы кесте әзірленіп, бөлімнің патрульдік полиция взводы сапар соңына дейін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Қызметкерлеріміз әр вагондағы жолаушыларға жеке заттарын қалдырмауды, жоғалған заттары болса, пойыздағы ілесіп жүру полицияларына дереу хабарлау туралы ұдайы ескертіп отырады. Сондай-ақ қосымша жолаушы вагондарындағы радио-рубка байланысы арқылы хабарлайды. Әуежайдағы, вокзалдардағы күту залдарында

орналасқан LED экрандарға азаматтардың жеке мүліктеріне сақ болуы туралы ескерту бейнероликтерімен күнделікті ақпараттандырып тұру ұйымдастырылған. Одан бөлек кезекші вокзал қызметкерлерінің міндеттеріне дауысты қатты шығару құралдары арқылы халыққа мүліктеріне ие болу туралы хабарлау, әр сағат сайын ескертіп тұру жүктелген.

– Жұмыс барысында кинологтар қызметі кеңінен пайдаланылатын шығар.

– Әрине, кинолог қызметін жұмыс барысында тұрақты қолданамыз. Біздің бөлімде бір кинолог қызметкеріміз бар, оған бір қызметтік ит



бекітілген. Кинолог қызметкеріміз итімен бірге жыл сайын арнайы оқу-жаттығу сабақтарынан өтіп тұрады. Қызметтік иттің аты – Синди, ол 2018 жылы туылған, лабрадор ретривер тұқымынан, яғни үйренуге қабілетті, адал, тамаша қасиеттері бар сенімді көмекші болып табылады. Арнайы оқу-жаттығулардан өткен Синди атты қызметтік ит есірткі заттарын іздеуге үйретілген. Иттің көмегімен 2023 жылы марихуана (есірткі затын) тасымалдаудың алты фактісі анықталып тіркелген, іс одан әрі сотқа жолданған.

– Полицияның халыққа жақын болуы бағытында қандай іс-шаралар қолға алынуда? Халықпен кездесулер өткізіле ме?

– Полицияның халыққа жақын болу қағидатын іске асыру бағытында Семей станциясы ЖПБ басшылығы күнделікті жасаққа түсетін қызметкерлермен таңғы нұсқаулықтарда, жалпы жеке құрамға «Сервистік полиция» қағидасын басты мақсатқа алу, әрбір азаматтардың өтінішіне, хабарламасына, мұң-мұқтажына, көмекке мұқтаж азаматтарға, оның ішінде мүгедек азаматтарға дереу көмек көрсетуге ден қою сияқты адами қасиеттерді бірінші кезекте орындау туралы жеткізіп отырудан

бастаймыз. Сондай-ақ әрбір қызметкерге, қай жерде болмасын, қызметтен тыс уақытта да азаматтармен ілтипатты қарым-қатынас жасауды, полиция қызметкерлерінің имиджін көтеру әрқайсымыздың міндетіміз екенін жеке құрамға ұдайы айтып отырамыз. Басшы құрам, бөлімше бастықтары теміржол бойында орналасқан барлық аймақта, ауылды мекендерде халықпен, теміржолшылармен жиі кездесулер өткізіп тұрамыз. Мысалы, өткен жылы халықпен, теміржолшылармен барлығы 88 кездесу өткізілді. Мемлекетке



қызмет жасау біздің басты мақсатымыз болғандықтан, әрдайым халықпен кездесу жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес кейде жоспардан тыс уақытта да жүргізіліп отырады. Кездесудің басты мақсаты – халықпен етене жұмыс жасап, профилактикалық жұмыстарды бірге жүргізу, теміржол бойындағы қауіпсіздікті түсіндіру, оны қарапайым халыққа уақтылы жеткізу.

Сонымен бірге басшылықтың азаматтарды жеке қабылдауы да жүргізіледі. Қызмет көрсету аумағымыздағы халықтың дені – жолаушылар, бұл да біздің жұмысымыздың ерекшелігін көрсетеді. Жол жүріп келе жатқан жолаушыны оның қалаған

уақытында қабылдауымыз керек. Жеке қабылдауға келген азаматтарға бізде бөлек күндер немесе арнайы кестелер қарастырылмаған, кез келген азаматтарды мүмкіндінше сол күні, сол уақытта қабылдауға тырысамыз. Өзім бір жиындарға, болмаса желідегі бөлімшелерге шығып кеткен болсам, менің орынбасарларым қабылдау жүргізе береді, соған дағдыланғанбыз. Қабылдауға келген адамдардың қойған сұрақтарына жан-жақты жауап беруге, мүмкіндігінше тез шешуге, оң нәтиже шығаруға ұмтыламыз. Бұл – біздің жұмыс дағдымыз.

– Бүгінгі күні қоғам алдында кәмілетке толмағандар мен

әйелдер құқығының қорғалуы өзекті мәселеге айналғаны рас. Бұл ретте темір жол бойындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қандай шаралар жүргізілуде?

– Еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында күнде болмаса да, айына бірнеше рет «Зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау үшін не істеу керек?» атты жадынамаларды жолаушылар пойыздарында, әуежайда, вокзалдардың күту залдарында халыққа тарату жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Сондай іс-шаралардың біреуі, мысалы, Семей станциясы ЖПБ қызмет көрсету аумағы бойынша мектептер мен колледждерде 139 дәріс өткізілді. Дәрісті өткізу барысында кәмілетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында және темір жол бойындағы қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат балалар мен ата-аналардың назарына жеткізілді.

– Күн тәртібіндегі мәселелердің бірі – цифрлық технологиялардың кеңінен қолданылуы, сол арқылы халыққа қолайлы жағдай туғызу. Бұл заманауи талаптың желілік полиция бөліміндегі көрінісі қандай?

– Заманауи технологияға келетін болсақ, әрбір мемлекеттік мекемелерде халықтың өтінішіне дереу ден қойып, шара қабылдау үшін жұмыс істейтін «Е-өтініш» базасы біздің бөлімде де орналасқан. Сондай-ақ бөлімнің күнделікті атқарып жатқан іс-шараларымен танысуға, халықпен кері байланысты жүзеге асыруға арналған әлеуметтік Instagram парақшалары, бөлімнің басшысы ретінде менің атыма ашылған Facebook парақшасы бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп тұр. Осының бәрі халық үшін, халықты цифрлық жүйемен дер кезінде теміржол бойындағы, әуежайдағы түрлі ақпараттармен таныстыру үшін жұмыс істейді. Бөлімге келген немесе жеткізілген азаматтардың, осы бөлімде істейтін қызметкерлердің қауіпсіздігін, конституциялық құқықтарын сақтауда

заманауи технологиялардың үлесі үлкен деп айтсам, артық емес. Мысалы, бөлімде бүгінгі күні ішкі-сыртқы, қызметтік бөлмелерде 51 дана бейнекамера орналасқан. Сонымен қатар қылмыстық істер қазір уақытта электронды форматта рәсімделіп, одан әрі электронды форматта прокурорлық қадағалауға, сотқа жолданады.

– Тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін тәртіп сақшыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары қандай? Түйткілді мәселелері қалай шешіледі?

– Біздің бөлімде басшылық құрам тәртіп сақшыларының тұрмыстық жағдайын үнемі басты назарда ұстайды. Сақшылардың еңбекақысы уақтылы беріледі. Бұған қоса, әр отбасы мүшесіне тұрғын үй төлемдері ай сайын төленіп тұрады. Сондай-ақ Көліктегі ПД тарапынан саби дүниеге келгенде немесе сақшылардың жақындары өмірден өткен жағдайда материалдық көмек көрсетіледі.

– Желілік полиция бөлімінің, оның құрылымдық бөліністерінің

материалдық-техникалық жабдықтықталуы талапқа сай ма?

– Бұл ретте материалдық-техникалық жабдықтықталуы талапқа сай емес, болмаса мүлдем жоқ деп айтуға болмайды. Себебі бөлімдегі барлық қызметкерлер компьютерлік техни-

ты ғимарат салу көзделді. Осы ғимарат құрылысы биыл басталып та кетті. Сонымен қатар осы жылдар аралығында облыстық бюджеттен қызметтік автокөліктерге, жалпы материалдық-техникалық жабдықтықталуына үлкен қаражат бөлу жоспарла-

Біздің қызмет көрсету аумағымызда қылмыстық ахуал тұрақты деп сеніммен айта аламын. Өткен жылы қылмыстың ауыр түрлері бойынша 17 дерек тіркелді. Ауырлығы орташа жеті қылмыс орын алып, олардың ашылуы 91,7 %-ды құрады. Ұрлық бойынша 10 қылмыс тіркелді. Оның ішінде үш дерек жүк ұрлығы болды. Сонымен қатар «Өткен жылдар» санатындағы екі қылмыс ашылды.

калармен, рациялармен, электронды планшеттермен жабдықталған. Сонымен бірге Абай облысы әкімдігінің қолдауымен облыстың 2024-2028 жылдар аралығына арналған «Абай облысының экономикалық дамуы» жоспарында біздің бөлімге жаңадан барлық талапқа сай үш қабат-

нуда. Бұл жұмыстың алға ілгерілеуін, желілік бөлімдерге материалдық тұрғыдан жан-жақты көңіл бөлінетінін көрсетеді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА



ДРЕССИРОВКА СЛУЖЕБНЫХ СОБАК: ТЕОРИЯ И ТЕХНИКА

Специалисты-кинологи вносят весомый вклад в поддержание правопорядка на улицах городов, активно участвуют в борьбе с преступностью, обеспечении надежности охраны объектов и конвоирования, задержании преступников и розыске пропавших людей. В Национальной гвардии специалистов-кинологов обучают на базе кинологического центра воинской части № 6654 в поселке Каракемер Алматинской области. Возглавляет его заместитель начальника штаба (начальник кинологического центра) подполковник Альмир Файласов.



– **Альмир Радикович, практически каждый день казахстанцы видят питомцев кинологического центра Национальной гвардии на боевой службе. Расскажите о них: какие породы собак преобладают, в чем их особенность?**

– Основные преобладающие породы для разведения и выращивания – это бельгийская овчарка и немецкая овчарка зонарного окраса линии шоу. Собаки линии шоу отличаются высокой работоспособностью, уравновешенным характером, крепким здоровьем и типичным внешним видом немецкой овчарки. Это всем известная собака из фильма «Комиссар Рекс». Также есть и собаки рабочей линии – зонарник, который обладает окрасом пепельного цвета.

Помимо овчарок в Национальной гвардии имеются и собаки породы

алабай, которые занимаются охраной исправительных учреждений. Там они используются для караульной службы. Им выделяется определенный участок местности, ставится будка. Однако порода алабай достаточно сложна в разведении, так как у них есть своя особенность – проблема с половой системой.

Кроме того, у нас еще есть ротвейлеры. Когда я был начальником кинологической службы регионального командования «Орталық» (воинской части № 6800), у меня был личный ротвейлер. Мне его передал мой товарищ. Однако ввиду того, что я проживал в съемной квартире, не было возможности содержать такую собаку. Поэтому я передал ее в воинскую часть № 5451. Позже, когда она уже повзрослела и стала матерью, на улице ей стало управлять сложно. Тогда

ее передали для несения службы по охране осужденных, отбывающих наказание в исправительном учреждении. Стоит отметить, что порода ротвейлеров там себя хорошо зарекомендовала.

В силовых структурах Германии и Австрии бытует мнение, что немецкая овчарка является собакой задержания, а ротвейлер – собакой удержания. Это значит, что если необходимо преступника удержать в каком-либо месте, то применяется ротвейлер, а если нарушителя нужно где-то долго преследовать и настигать, то используется немецкая овчарка.

Что касается сравнения породы немецкой овчарки и бельгийской овчарки, у каждой породы есть свои плюсы и минусы. Бельгийская овчарка подразделяется на четыре разновидности: грюнендаль, тервюрен, мали-



нуа и лакенуа. В большей степени у нас в Национальной гвардии разводят породу малинуа. В этом году нам на безвозмездной основе передали собаку голландской овчарки. Управление служебной кинологии пограничной службы Республики Казахстан начало активную работу по ее разведению на территории нашей страны. В свою очередь, мы тоже не стоим на месте. В ближайшее время планируется закуп суки для племенной и селекционной работы.

– Как проводится обучение на базе вашего центра?

– У нас организованы первоначальное обучение и курсы переподготовки. Программы проводятся четыре раза в год, с обучением в течение двух месяцев. Они включают в себя основы техники, практические занятия, а также общий и специализированный курсы дрессировки.

С 2019 года по настоящее время около 600 военнослужащих прошли обучение на базе нашего учебного центра, в том числе мы обучали и военнослужащих пограничной службы по приучению собак к поискам взрывчатых и наркотических веществ.

Обучение у нас проходит с закрепленными за военнослужащими собаками. Но при необходимости мы закрепляем за военнослужащим собак из кинологического центра с последующим убытием в части для использования в боевой службе. К примеру, в ноябре 2022 года у нас проходил обучение военнослужащий из воинской части № 5546. Он получил собаку, которой на тот момент было 6 месяцев. Успешно выдрессировав питомца, сдал экзамены. А в январе 2023 года, когда щенку бельгийской овчарки было всего лишь 8 месяцев, кинолог результативно применил собаку при задержании преступника.

– Расскажите о процессе обучения и тренировки собак. Какие методы применяете?

– В кинологическом центре в 2019 году мы разработали различные элементы учебно-материальной базы для

проведения социализации щенков, выработки у них физических навыков и выносливости. Подвесной мост, слалом, бассейн для щенков, различные подвешенные предметы создают препятствия для прохождения. Также стеклянный мост, так как, когда собака заходит на стекло, у нее случается стресс тактильной функции. В последующие дрессировки собака уже осознает, что поверхность гладкая, а не шершавая, также она может быть теплая или холодная. В дальнейшем это облегчает применение собак.

Напомню, что наши собаки используются по всей стране в различных мероприятиях, в том числе мирового масштаба. В нашем тренировочном городке есть специализированная яма, где находится большое количество пластиковых бутылок. Непрофессионал, посмотрев на нее, спросит: «Что за куча бутылок?» Однако кинологу со стажем, разыгрывая собаку апортировочным предметом, это как правило мячик или какая-то игрушка в виде колбаски, закидывает данный предмет в эту яму с бутылками. Щенок разбегається, прыгает туда, включает свою обонятельную систему и отыскивает свою любимую игрушку. Он не обращает внимания на треск и неудобства, создаваемые бутылками. Таким образом мы приучаем щенков к тому, чтобы они не боялись различных шумов.

Во время рабочей поездки в Австрию я перенял ряд методов по дрессировке наших четвероногих друзей. Раньше собаки передавались в войска с 12 месяцев, а сейчас наши щенки передаются на дрессировку с 3-4 месяцев и по достижению 6 месяцев переходят во взрослое поголовье. Они ставятся на довольствие взрослой особи и, соответственно, убывают в войска, где их продолжают готовить для последующего использования во время боевой службы.

– Вы упомянули о племенной и селекционной работе. Можно рассказать подробнее?

– Да, конечно. На данный момент в нашем кинологовском центре находятся свыше 60 собак. Племенная деятельность идет круглосуточно. Мы не

придерживаемся графика, чтобы щенки рождались только летом. У нас есть ветеринарная служба, специалисты которой непосредственно проводят контроль и надзор за собаками. На их вооружении специализированный аппарат УЗИ.

Наши ветеринары по плану мероприятий проводят вакцинацию, витаминизацию, дегельминтизацию собак. Благодаря своевременному уходу и вакцинации в течение года мы не потеряли ни одного из наших четвероногих питомцев.

Не стоим мы на месте и в плане научной деятельности. У нас есть руководство по племенной работе. К

шицей, молочной кашей с добавлением яиц и творога. По достижению шестимесячного возраста щенки переводятся в категорию взрослого поголовья и переходит на кормление сухим кормом производства Италии.

– Как вы взаимодействуете с гражданскими организациями?

– Периодически наших специалистов приглашают на выставки собак и различные семинары. В июне прошлого года мы посетили межведомственные соревнования. Помимо наших военнослужащих, которые показали хороший уровень со своими служебными собаками, в них принимали

С 2019 года по настоящее время около 600 военнослужащих прошли обучение на базе нашего учебного центра, в том числе мы обучали и военнослужащих пограничной службы по приучению собак к поискам взрывчатых и наркотических веществ.

примеру, там отражено, что собака течет 2 раза в год. На 9-11 день при помощи специального прибора мы можем фиксировать период протекания и овуляции у собак. Прибор показывает количество яйцеклеток, и на основе этих данных мы понимаем, подходит ли собака для вязки в данный момент или нет. Также ежегодно мы отвозим кобелей на сдачу спермограммы для определения их в ряды «почетных» осеменителей.

После того как мы повязали собаку, по прошествии месяца проводим повторный осмотр. Тем самым мы еще раз убеждаемся, что собака ценная. Далее переводим ее на дополнительное довольствие. Стоит отметить, что у нас определены нормы довольствия для каждого типа собак. Для собак нарко- и патрульно-розыскной это одна норма довольствия, для патрульных собак эта норма чуть больше, а для лактирующих сук имеется собственная норма довольствия.

Спустя 45 суток после родов мы производим отъем щенков от суки и начинаем вскармливать их супом-ка-

участие представители Пограничной службы, Комитета таможенного контроля, Министерства внутренних дел, военной полиции и Службы государственной охраны. Также военнослужащие, которые у нас проходили подготовку, завоевали бронзовые медали на XXIV открытом чемпионате внутренних войск МВД Республики Беларусь по служебному многоборью кинологов, который проходил в августе в городе Могилеве.

В этом году в качестве учебы мы практиковали поиск наркорозыскными собаками запрещенных веществ на территории почтового терминала Алматы. Также впервые в истории у нас прошли обучение специалисты кинологов Пограничной службы. Отрадно осознавать, что у нас сейчас высокий рейтинг по подготовке и выращиванию щенков, что дает возможность военнослужащим выбирать ту или иную собаку.

**Егор БОНК,
старший лейтенант,
Астана – Каракемер – Астана**

КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗУ ЖҰМЫСЫ



5 сәуір – Көші-қон қызметкерлерінің күні. Сырттан келгендердің елімізде болу заңдылығын реттейтін құрылым көп функциялы қызмет атқарады. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мемлекетке келіп-кету заңдылығын бақылап, заңсыз көші-қонға қарсы күрес жүргізеді. Сонымен бірге шетелдіктердің елімізде тұрақтауына және олардың, ел азаматтарының өзге елге кетуіне рұқсат береді. Еліміздегі азаматтық беру немесе одан шығу жөніндегі құжаттарға жауапты. Осы ретте Шымкент қаласы полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасының жұмысына егжей-тегжейлі шолу жасамақпыз.

Ел бүтіндігі мен сырттан келгендердің шектен шықпауы жолында аянбай еңбек ететін сала мамандары аса сақтықпен жұмыс істейді. Себебі олар бір ғана елдің азаматтарымен емес, өзге елдің азаматтарымен байланыс орнатып, заң күшінің үстемдігін қамтамасыз етеді. Қазақстанның көші-қон полициясы атаулы мерекесі жыл сайын атап өтіледі. 1999 жылы болған өзгерістерге байланысты төлқұжат-виза қызметі қайта құрылып, кейіннен «Көші-қон полициясы» деп аталған. Уақытша тіркеу, тұрақты тіркеуге тұруға және азаматтыққа тіркеу, куәліктер мен төлқұжаттар беру – мемлекеттік маңызы бар қажетті істер.

Басқарма қызметтік міндеттерін орындау барысында ҚР Конституциясын, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «Халықтың

көші-қоны туралы» ҚР заңдарына сүйенеді. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы», «Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы» және заң күші бар Жарлықтарын, өзге де нормативтік құқықтық келісімдерді, халықаралық келісімдер мен шарттарды негізге алады.

Бүгінде Шымкенттегі департаменттің жауапкершілігі жоғары құрылымына білікті маман жетекшілік етеді. Басқарма бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры Жеңіс Әуелбеков – оңтүстіктің тумасы. Туған жерінің қыр-сырын жетік білетін басшы ішкі істер органдарына 2011 жылы қабылданған, содан бері осы көші-қон саласында қызмет еткен. Қазіргі таңда басқарма жұмыс бағыт-

тарына байланысты Сыртқы көші-қонды бақылау бөлімі, Азаматтық және иммиграция бөлімі, Халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімі және Ұйымдастырушылық және аналитикалық жұмыс тобынан тұрады.

Жыл басынан бері басқарма оңтүстіктегі өңірде 1470 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтаған. Атап айтсақ, 320 рет шетелдіктер, 221 рет өкілетті тұлғалар, ҚР азаматтары немесе шетелдіктер елімізде болу ережелерін бұзған. Шетелдіктердің күшін тарту мен пайдалану ережесін бұзған 31 дерек тіркелген. Бүгінге дейін шетел азаматтары тарапынан Шымкентте екі қылмыс жасалған. Ал шетел азаматтарына қарсы бір қылмыс орын алған. Сонымен бірге мемлекетаралық іздеуде жүрген екі қылмыскер қолға түсті. Атап айтсақ, Шымкентте бірқатар қылмысы үшін қашып жүр-

ген шетелдік ұсталды. Оны Көші-қон қызметінің инспекторлары Ішкі істер министрлігінің нұсқауы бойынша жүргізілген «резеңке» пәтерлерді тексеру барысында анықтады. Айыпты азаматқа 2022 жылы Өзбекстан полицейлері мемлекетаралық іздеу жариялаған. Оған қатысты экономикалық қылмыстар жасағаны үшін үш бап бойынша бірнеше іс қозғалған. Қазіргі таңда қамауда. Ұсталған шетел азаматын көрші елге экстрадициялау жұмыстары жүргізілуде. Осы орайда басқарма бастығының міндетін атқарушы Жеңіс Исаұлынан шекаралас көрші елден келгендер мен Шымкенттегі шетелдіктердің үлесін сұраған болатынбыз.

– 2024 жылы Шымкент қаласы бойынша 5238 Өзбекстан Республикасының азаматы тіркелген, оның ішінде заңсыз жүргені – 272. Заңсыз жүрген шетел азаматтарына ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 517, 518, 519-баптары бойынша әкімшілік шара көріледі. Ал егер мемлекеттік шекарадан заңсыз өту, заңсыз көші-қонды ұйымдастыру және бірнеше рет заңсыз шетелдік еңбек иммигранттарының күшін қолдану анықталған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Шым-



кент қаласы аумағында Өзбекстан Республикасының азаматтарынан басқа, заңсыз жүрген Тәжікстан, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан мемлекеттерінің азаматтары анықталып, жауапкершілікке тартылған. Оңтүстік шаһарда шетел азаматтарымен және шетел азаматтарына қатысты адам саудасы қылмыстары орын алмады, – деді.

Ал енді Көші-қон басқармасының республика тұрғындарына қатысты анықтаған заң бұзушылықтарына тоқталсақ. Ел азаматтары ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492-бабының бұзылуына жол беріп, оларға қатысты 2598

әкімшілік хаттама толтырылған. Сондай-ақ аталмыш кодекстің 493-бабы бойынша 152 әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынды. ҚР Ішкі істер министрлігінің бұйрығына сәйкес шетел азаматтарының елімізде болу, жүру ережесін бұзбауы, заңсыз көші-қонның алдын алу мақсатында Көші-қон қызметі, Жергілікті полиция қызметі, патрульдік полиция, қабылдап-тарату орындары, жедел қызметтер бөліністерімен жұмысты бірлесіп атқарады.

Шымкент қаласы аумағында 5539 шетелдік уақытша тіркелген, оның 21-і алыс шетелдік, 5518-і – ТМД елдерінің азаматтары. Шетелдік азаматтардың барлығы дактилоскопиялық тіркеуден өткен.

Басқарма бастығының міндетін атқарушы Жеңіс Исаұлының айтуынша, «Сервистік полиция» аясында полицейлер халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың сұраныстарын өтеуге бар күш-жігерін салып келеді. Көші-қон қызметі қызметкерлері азаматтардың өтініштеріне сәйкес, туыстық қарым-қатынасын жоғалтқан тұлғаларды анықтау үшін қолданыстағы бұйрыққа сәйкес іздеу жұмыстарын жариялап, олардың мекенжайын табуға көп көмектескен. Жыл басынан бері жақынынан көз жазып қалған жеті тұлғаға жағымды хабар жеткізген. Сөзімізге дәлел болсын, Шымкент қаласының тұрғыны өзінің қызы Түркия мемлекетіне жұмыс істеуге кеткен соң байланысы үзіліп қалған. Қызының хабарын ала алмаған ана Көші-қон қызметіне өтінішпен жүгінген. Соның негізінде туыстық қатынасын үзген



азаматшаға қатысты іздеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде мекенжайы анықталды, туыстарына хабарлама берілді.

Шымкент қаласы аумағында заңсыз көші-қонның алдын алу, шетелдіктер арасында құқық тәртібін сақтау, сондай-ақ, еліміздің көші-қон заңнамасынан туындайтын басқа да міндеттерді камтамасыз ету мақсатында

де шара қолданылатынын атап өткен жөн. Мәселен, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 519-бабы бойынша жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе жұмысқа орналасуға рұқсаты жоқ шетелдіктердің еңбегін пайдаланғаны үшін шара қолданылады. Жеке тұлғаларға – 30 АЕК, лауазымды

Көші-қон қызметі осы саладағы мемлекеттік саясатты ведомствоаралық үйлестіруді және іске асыруды, жұмыс үдерістеріне бақылау жасауды, талдауды жүзеге асырады. Сондай-ақ босқындар мен Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша жұмысты үйлестіреді.

Шымкенттегі Көші-қон қызметінің жұмысы көш ілгері. Өздеріңіз



2024 жылдың 11-15 наурыз күндері аралығында «Мигрант» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Осы

адамдарға – 50 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 100 АЕК, орта

бағамдағандай, шетелдіктердің елде заңсыз жүріп, алшаң басып, артық әрекетке баруына жол бермейді. Ал ондай қылмысқа немесе құқық бұзушылықтарға барғандарға жаза қолданылады. Әрбір елдің қауіпсіздігі мен тыныштығы ел азаматтарының тәртібіне ғана байланысты емес, сондай-ақ, сырттан келгендердің де жүріс-тұрысына қатысты. Кейбір шетелдіктердің жымсықы әрекеттері ішкі істер органдары қызметкерлерінің арнайы тексерісінің нәтижесінде белгілі болады. Сондай-ақ ел азаматтарының да заңсыздықтарға кезек беретін кездері кездеседі. Соларды анықтап, тәртіптің сақталуын қаперге алған басқарманың бүгінгі жұмыс бағдары осындай.

Шымкент қаласы аумағында 5539 шетелдік уақытша тіркелген, оның 21-і алыс шетелдік, 5518-і – ТМД елдерінің азаматтары. Шетелдік азаматтардың барлығы дактилоскопиялық тіркеуден өткен.

атқарылған жұмыстар нәтижесінде Шымкент қаласы бойынша Қазақстан Республикасына келу, болу және елімізден кету ережелерін бұзған барлығы 936 шетелдік пен ел азаматтары анықталып, оларға қатысты әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Шетелдіктерді заңсыз жұмысқа тартқандарға заң шеңберін-

кәсіпкерлік субъектілеріне – 700 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Мысалы, Шымкент қаласы Абай ауданы тұрғынына 519-бабы 1-бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылған. Бұл жағдай бір жыл ішінде қайталанғандықтан, ҚР азаматына қатысты осы баптың 3-бөлігімен 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салынған.

Гайһарпай ЕСИМОВА



ҚОРҒАНСЫЗ ӘЙЕЛ, ҚАУҚАРСЫЗ ҚОҒАМ

Қоғамда шаңырағы шайқалған отбасылардың саны көбейген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелін көк ала қойдай етіп сабайтын ер адамдардың жазасын қатаңдатуды тапсырды. Осы бағытта ІІМ бірнеше шараны қабылдады. Жанұяда орын алатын отбасылық зорлық-зомбылықпен күресуде Дағдарыс орталықтарымен бірге Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлінісі жұмыла еңбек етіп келеді. Біз Астана қаласы полиция департаменті Сарыарқа ауданы полиция басқармасы Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Ольга Ленцик пен «Отбасылық табыс орталығы» қоғамдық қорының директоры Роза Мұхамедиярқызының бірлескен жұмыс барысын көріп қайттық.

Инспекторға ілесіп, шаңырағынан береке кеткен отбасылардың үйіне бас сұқтық. Полиция капитаны Ольга Ленцик бұл мәселеге тек қызметіндегі тапсырма ретінде ғана қарамайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың белең алуы оны да қатты алаңдата-тынын сөзінен түсіндік. Отбасылық кикілжіңнің ортасында жүретін инспектор күнделікті жұмыс барысы жауапкершілікке толы екенін айтты.

– Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімнің инспекторы ретінде біз учаскелік инспектор мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да мемлекеттік органдармен үнемі өзара тығыз байланыстамыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қоғамдық орындарда әртүрлі акция, түсіндіру жұмысын жүргіземіз. Отбасылық оқиға болған жерге барып, жағдайды көзбен көруге тырысамыз, – дейді инспектор өз сөзінде.

Отбасылық инспектормен бірге біз Астана қаласы Сарыарқа ауданындағы Бейсеков көшесінің бойында орналасқан жер үйге келдік. Инспектордың айтуынша, бұл – полицияға осымен екінші рет шағым түсірген Жанна есімді әйелдің үйі. Әйелдің жағдайын білуге ішкі істер органдарының ардагері, «Отбасылық табыс орталығы» қоғамдық қорының директоры, психолог-заңгер Роза Бекишева және ауданның учаскелік полиция инспекторы келді. Барлығы да жәбір көрген әйелге құқықтық және әлеуметтік жағынан көмек көрсетуге ниетті. Жылы жүзді Жанна келгенімізде «Кіріңіздер» деп алдымыздан құрақ ұшты. Қарапайым, шағын жер үйде тұратын әйел бізге бар сырын бүкпесіз ашық айтты. Басты мәселе – бірге тұратын күйеуінің күш көрсетуі. Олардың жанжалына қызғаныш себеп болған.

– Біз осыдан 3-4 жыл бұрын бір кафеде танысқанбыз. Әңгімеміз бірден жарасты. Кейін бірге тұра бастадық. Қазір бірге тұрып жатқанымызға үш жыл болды. Өте жақсы адам. Адамдармен күліп амандасады. Мұның бәрі сол қызғаныштан басталған

дүние. Мені кейде негізсіз қызғанып, дауыс көтереді. Басында оның мұндай ашу-ызаға ерік беретін адам екенін білмеймін. Менің өз достарым бар. Кейде солармен кездесемін. Олар туралы жаман сөздер айтып, қызғанып отырады. Тіпті «Учаскелік полиция инспекторы неге үйге келеді?» деп қызғанатыны бар, – дейді әйел.

Әңгіме барысында оның ер адаммен заңды некеге тұрмағаны белгілі болды. Арада бала жоқ. Заңсыз күйеуінен забір көрген Жаннаға баланың болмағаны керісінше, жұбаныш екені сөзінен байқалды.

– Мен негізі, онымен заңды түрде некеге тіркелмедім. Бірінші отбасыман бір ұл, бір қызым бар. Олар өз ал-

Ондай кезде Жаннаның демі жетпей, жаны көзіне көрінеді.

Жағдайды толық білуге келген мамандар мен полиция қызметкерлері әйелге жан-жақтан сұрақтар қойды. Жаннаның Руслан есімді күйеуі қалада күзетші болып жұмыс істейді. Алайда жұмысын жиі ауыстырады. Үйге алып келетін жалақысы да өте аз. Кейде мүлдем болмайды. Руслан бұған дейін де бір рет некеде болған. Бірінші отбасымен 13 жыл бірге тұрған. Бірінші әйелінен баласы жоқ. Олардың ажырасуына да Русланның бірінші әйеліне күш көрсетуі себепші болған.

– Танымайтындар менің күйеуімді алғашында жаман адам деп

Бір жыл ішінде пилоттық жоба нәтижесінде «102» арнасына 2550 қоңырау келіп түскен. Оның ішінде 793 хабарлама бойынша отбасылық жанжал дерегі расталмаған. 1093 факті бойынша сауалнама толтырылса, 664 хабарлама бойынша азаматтар ODARA жүйесі арқылы сауалнама жүргізуден үзілді-кесілді бас тартқан

дына шаңырақ көтеріп, жеке отбасын құрған. Маған қарайласып тұрады. Күйеуімнің зорлық-зомбылығынан учаскелік полиция инспекторы құтқарып қалды, – дейді жанжалдың құрбаны.

Ашу-ызаға бұлыққан еркек ұрыскеріс кезінде Жаннаға дауыс көтеріп, денесіне із қалдырғанымен қоймай, демін тарылтып, қылғындырған кездері болған. Онсыз да денсаулығы сыр берген әйелге денесіне тиген таяқтың ізі ауыр тиіп отыр. Жанна қазір жұмыссыз. Бұрын өзінің жеке кәсібі болған. Одан бөлек, аяғының буындары ауырады. Соңғы жылдары оған демікпесі мен артрозы қосылған. Күйеуінің көрсеткен күші кейде оның тыныс алуын ауырлатып жібереді.

ойламайды. Ол барлығымен жақсы қарым-қатынас орната біледі. Бірақ соңғы жылдары маған деген қарым-қатынасы бұзылған. Тіпті соңғы күндері кешірім сұрауды да қойды. Ол маған қалай әйел болуды үйреткісі келеді. Ол үшін оның маған ертерек жолығуы керек еді. Мен – өз алдыма жеке тұлғамын, – дейді Жанна.

Жаннаның күйеуін полиция қызметкерлері 10 күнге уақытша ұстау бөліміне қамаған. Енді екі күннен соң бостандыққа шықпақ. Бұл тұста Жаннаға мамандардың сұрағы біреу ғана болды. «Сізге жәбір көрсеткен ер адаммен әрі қарай бірге өмір сүресіз бе?». Ал әйелдің бұл сұраққа жауабы әлі дайын болмады. Полиция қызметкерлерінен күйеуіне тиісті



заңды шара қабылдауды сұрап, өтінді.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің инспекторы Ольга Ленцикке жәбір көрген әйелдің әр сөзі маңызды. Қолындағы қағазына Жаннаның оқиғасын қаз-қалпында жазып алды. Ендігі оның мақсаты – жақында бостандыққа шығатын ер адаммен әңгіме жүргізу. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың да саны көп. Әсіресе, полиция қызметінде агрессормен тәжірибеден өткізіліп жатқан жаңа әдіспен жұмыс жасауды мақсат етеді.

– Былтыр 1 мамырдан бастап Сарыарқа ауданында Германияда оң нәтиже берген халықаралық «ODARA» әдісін қолданып жатырмыз. «ODARA» – зорлық-зомбылық жағдайларын қарастыруға мүмкіндік беру үшін Канаданың психикалық денсаулықты зерттеу орталығы әзірлеген сауалнама. Бұл сауалнама полиция қызметкерлеріне жұбайы тарапынан зорлық-зомбылықтың қайталану ықтималдығын бағалауға септеседі. Сауалнама 13 сұрақтан тұрады және тиісті қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Неміс қоғамында агрессорды тек қылмыскер ретінде ғана емес, сонымен бірге психологиялық көмекке мұқтаж адам ретінде де қабылдайды, – деп түсіндірді полиция капитаны.

Бір жыл ішінде пилоттық жоба нәтижесінде «102» арнасына 2550

қоңырау келіп түскен. Оның ішінде 793 хабарлама бойынша отбасылық жанжал дерегі расталмаған. 1093 факті бойынша сауалнама толтырылса, 664 хабарлама бойынша азаматтар ODARA жүйесі арқылы сауалнама жүргізуден үзілді-кесілді бас тартқан.

– Пилоттық жоба өте қызықты. Біз бірінші рет агрессорларға үлкен мән беріп отырмыз. Кез келген тұрмыстық жанжалға тап болған отбасы – қоғам үшін күрделі мәселе. Бірақ соған қарамастан, үкіметтік емес ұйымдар құқықтық, психологиялық, әлеуметтік және медициналық жағынан үлкен көмек көрсетеді. Біз олармен бірге агрессорды түзету жұмысына тарту және жуан жұдырықтыны тезге салу үшін көптеген жұмыстарды атқарып жатырмыз, – дейді инспектор пилоттық жоба жайында.

Бізбен бірге Жаннаның сырына қаныққан тәжірибелі маман әрі ішкі істер органдарының ардагері Роза Бекишева да әйелге психологиялық және әлеуметтік тұрғыда көмегін аянып қалмайтынын жеткізді. Мұндай қиын өмірлік жағдайда қалған әйелдерге қолдау көрсетіп, жылы сөздер айту маңызды. Астана қаласында әйел адамдарға қолдау көрсететін Дағдарыс орталықтары орналасқан. Пандемия кезеңінде жұмысын бастаған «Отбасылық табыс орталығы» қоғамдық қоры зорлық-зом-

былыққа тап болған әйелдерге психологиялық, әлеуметтік және заңдық тұрғыда көмек көрсетеді. Ішкі істер саласынан зейнеткерлікке шықса да, әйелдерге көмек көрсетуді парызы санаған Роза Бекишеваны бұл мәселе қатты алаңдатады.

– Мен ішкі істер органында 25 жыл қызмет еттім. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімін басқардым. Қазақстанда алғаш «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы» туралы заң шыққан кезеңнен бері осы мәселемен тыңғылықты айналысып келемін. Жанжалдың құрбаны және агрессормен қалай жұмыс істеу қажет екенін зерттеу үшін алыс-жақын 15-тен аса мемлекетте болып қайттым. Осы саладағы көп жылғы тәжірибемді жүзеге асыру үшін «Отбасылық табыс орталығы» қоғамдық қорын аштым. Жетістік тек қана жұмыста ғана емес, әр отбасында болуы қажет деп есептеймін, – дейді ішкі істер органдарының ардагері Роза Бекишева.

Бұл бағытта қоғамдық қор тек полиция қызметкерлерімен ғана емес, сондай-ақ, денсаулық сақтау ұйымдары және білім басқармаларымен, тіпті елорданың Жұмыспен қамту орталығымен бірлесе жұмыс істейді.

– Білесіз бе, бізге өте көп әйел хабарласады. Кейбір әйелдер тек кеңес алуға келеді. Кейбір әйелдердің құжаттарын жасауға көмектесеміз. Себебі, ажырасуға арыз беруге әйелдердің құжаттары толық болмайды. Кейде балаларының құжаттары жоқ. Біз бұл бағытта мемлекеттік органдар мен қалалық әкімдікпен, ХҚО-мен және Көші-қон полициясымен бірлесе жұмыс атқарамыз. Көмекке жүгінетін әйелдердің денсаулығымен мәселе болса, оны да шешуге тырысамыз. Тұратын жері болмаса, Дағдарыс орталықтарына орналастырамыз. Яғни, қиын өмірлік жағдайда қалған әйелге біз барлық жағынан қолдау көрсетеміз, – деп ағынан жарылды ардагер.

Қазір таяқ жеген әйелден гөрі, ашу-ызаға булыққан агрессорды тәрбиелеу тиімді нәтиже беріп ке-

леді. Инспектор Ольга Ленциктің сөзін «Отбасылық табыс» орталығының директоры Роза Бекишева да растайды.

– Агрессорды райынан қайтару жұмысы елімізде алғаш рет қолға

басты әйел хабарласып, жасөспірім ұлының тыныштық бермейтінін айтты. Оқиғаны зерттеу барысында баласының медициналық колледжден оқудан шығып қалғанын білдік. Кейін біз оның ұлына қайтадан оқуын

мүгедек әйел телефон шалып, өзінің жұмыс орнында қысымға ұшырағанын айтып жүгінген. Әріптестерінің қыспағына қалған мүгедек әйел көп ұзамай жұмыстан да шығып қалады. Бірақ әйелдің құқығын қорғаған қоғамдық қор сотқа дейін қатысып, оның қайтадан жұмысына оралуына көмектескен.

Сонымен қатар Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторлары Дағдарыс орталықтарымен бірлесіп, жағдайы төмен отбасылар мен мамандығы жоқ әйелдердің тігіншілік, аспазшылық және шаштараз сияқты мамандықтарды игеріп, арнайы сертификаттар алуына да мүмкіндік жасап келеді. Төрт қабырғада қамалып, тұрмыстың тауқыметін кешкен әйелдердің қоғамдық өмірге араласуы көп мәселелердің алдын алады. Әйелдердің қорқыныш емес, махаббатты сезінуіне, құқығын қорғау бойынша жүзеге асырылып жатқан іс-шаралардың реті осылай жалғаса береді. Қоғамда ушыққан



алынды. Әзірше Сарыарқа ауданы полиция басқармасында пилоттық жоба белсенді түрде жүзеге асырылуда. Басында пилоттық әдіс осы ауданда басталса, қазір қаламыздың барлық полиция басқармасының жанындағы Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінде іске қосылды. Агрессормен жұмыс жақсы нәтиже көрсетуде. Мәселен, өткен жылдан бері анықталған 68 агрессордың ішінен өз еркімен 24 агрессор психологиялық түзетуден өтуге келісті. Агрессормен жұмыс оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынас орната білуін білдіреді. Тіпті агрессордың өзі рұқсат берсе, біз бірге қызмет ететін әріптестерімен де жұмыс жүргіземіз, – деп түсіндірді ол.

25 жылға жуық әйелдердің құқығы мен бостандығын қорғаған ардагер қызметтік тәжірибесінде кездескен бірнеше оқиғалардың тізбегін тізді. Айтуынша, қазіргі кезде әйелдер қауымы бұрынғыдай үнсіз қалмайды. Алайда, әлі де болса отбасын сақтап қалуды қалап, қорлыққа шыдап жүре беретіндердің бар екенін айтты.

– Отбасылық түсінбеушіліктер тек ерлі-зайыптылар арасында ғана болмайды. Мысалы, бізге бір жалғыз-

жалғастыруға мүмкіндік жасадық. Біздің психологымыз бұл отбасымен жарты жылдан аса уақыт жұмыс жүргізді. Қазір анасы жұмыс істей-

“ Агрессормен жұмыс жақсы нәтиже көрсетуде. Мәселен, өткен жылдан бері анықталған 68 агрессордың ішінен өз еркімен 24 агрессор психологиялық түзетуден өтуге келісті. Агрессормен жұмыс оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынас орната білуін білдіреді. Тіпті агрессордың өзі рұқсат берсе, біз бірге қызмет ететін әріптестерімен де жұмыс жүргіземіз ”

ді. Олардың қарым-қатынасы жақсарған, – деп бізге жымыды Роза Бекишева.

Өмірде әртүрлі оқиғалар болады. Қиын жағдайда қалған әйелдердің тағдыры да бір-біріне еш ұқсамайды. «Отбасылық табыс» орталығы мүмкіндігі шектеулі адамдарға да жәрдемін аямайды. Қоғамдық қор директорының айтуынша, орталыққа

отбасылық жанжал айналып келгенде бүтін бір ұлт пен мемлекеттің болашағына қара бұлттай төнуіне жол бермеуге сіз бен біз де атсалысуға міндеттіміз.

**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН,
суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕК
(Кейіпкерлердің
аты-жөні өзгертілген)**

АРУЛАР БАР арамызда ардақты

Тылсымы мен құпиясына ешкім бойлай алмаған мына тіршілікке әйел болып келген соң табиғаттың ең басты талабы – ана болу. Ұрпағына тәлімді тәрбие беріп, олардың жетістігіне марқайып, айналасына мейірім мен әдеміліктің нұрын шашу да – әйелге ғана тән қасиет. Ал уақытпен санаспайтын қызметтің бел ортасында жүріп, аналық парызын абыроймен атқарса, ол әйелдің іскерлігіне де тікелей байланысты. Солардың бірі – погонды ару Динара Сағындықова.



– Динара Амангелдіқызы, бақыт дегенді қалай бағалайсыз?

– Иә, ана үшін бақыт деген ұғым ең алдымен – балалары. Менің де ең үлкен мақтанышым – қызым Анель мен ұлым Батырхан. Қызым кино өнеріне, музыкаға бейім, актерлік өнер оқуын бітірді. Ұлым заманауи кәсіптердің бірі – IT саласына бейім, қазір Назарбаев зияткерлік мектебінде биологиялық бағытта оқиды. Спорттық гимнастикадағы жетістігі де баршылық. Анель кішкентай кезінен вокалға барды. Мен Петропавлда қызметте жүргенде полиция департаментінде қызметкерлердің өнерлі балаларынан топ құрылып, полицияның беделін арттыру мақсатында оларға полиция киімін тіктіріп, түрлі конкурстарға қатысты. Менің қызым да кішкентай кезінде осы топпен бірге өнер көрсетті. Олар

өмір баспалдақтарын енді бастап жатыр. Болашақта мен балаларының жетістігімен мақтанатын бақытты ана боламын деп ойлаймын, соған сенемін.

Бақыт деген – сенің бала күндерің, Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.

Бақытын да, басқасын да білмеуің, Бақытсыз-ақ ойнағаның, күлгенің, – деп Мұқағали ақын жырлағандай, бақыт деген – менің ата-анамның құшағында алаңсыз өткізген балалық шағым. Расында, мен бала кезімде бақыттың құшағында тербеліп өстім. Қазақстанда тұсам да, мектепті Ресейдің Қорған облысында бітірдім. Әкем Амангелді шаруашылықтың қызметінде болса, анам Рая мектепте алгебра және геометрия пәнінің мұғалімі болды. Содан да болар, мен

мектепте математиканы өте жақсы көрдім. Мектеп бітірген соң Ресейдің Қорған облысының жоғары оқу орнына экономист факультетіне тапсырдым. Бірақ мені туған жерімнің магниті тарта берді. Жаңағы сіз айтқан бақытты бағалаудың бір өлшемі – туған жер шығар деп ойлаймын. Қанша жерден жағдайымыз жақсы болғанымен, басқа елде өмір сүру жаныма тыныштық бермейтінін түсіндім де, Солтүстік Қазақстан облыстық университетінің журналистика факультетіне оқуға түстім. Менің артыман бүкіл отбасым тарихи Отанына оралды.

– Қара ормандай қалың орыстың ішінде өскен қызды журналист болуға құштар қылған не нәрсе?

– Мектепте орыс тілі және әде-

биеті пәнінің мұғалімі әр оқушысының тілге деген махаббатын оята білген мықты ұстаз болды. Соның әсерімен мен мектепте жүргенде күнделік жазатынмын. Сол әдетіммен студент күнімде де айналыстым. Күнделік – жүрегіңнің ең сенімді сырласы. Өміріңдегі әр оқиғаны ақ қағазға ақтарғанда көркем тілмен, сұлу сөзбен жазуға дағдыланасың. Содан да болар, мен журналист мамандығын таңдадым.

– Сөз өнерін серік еткен мамандық иесі талабы қатал, қызметі қиын ішкі істер органына қалай келді?

– Менің журналистикадағы еңбек жолым Петропавл қаласындағы телерадиоарнада режиссердің көмекшісі болудан басталды. Жаңалықтар бағдарламасында тілші де болдым. 2005 жылы ішкі істер органына ке-

Іә, алғашында өте қиын болды. Тәуліктің 24 сағатында байланыста болу, халықтың көңілінен шығуы қиын қызметтің жаңалығын дер кезінде елге жеткізу, баспасөздегі ақпараттарға талдау жасау оңай болған жоқ. Бірақ мені ұжымым қолдады, көмектесті. Әсіресе, менің кәсіби маман болып қалыптасуыма тәлімгерім әрі басшы болған Мәдина Балгашукованың үлесі зор. Балаларымды өсіруге өзімнің анам, әжелері мен аталары септесті. Өзімнің әжем ұлым мен қызымды тәрбиелеуде маған көп көмек көрсетті, балаларым осы үлкен әжелерінің қанатының астында өсті. Бұл қызметті мен ұзақ жылдар бойы абыроймен атқардым деп мақтанышпен айта аламын.

– Иә, сенің жетістігіңді баспасөзден оқып-біліп жатамыз.

ның ең үздік қызметкері деген атаққа ие болдым. «Журналистика» мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрімін және Қазақстан Журналистер одағының мүшесімін. Негізінде қандай жетістіктің болмасын, артында үлкен жауапкершілік тұрады. Мәселе сол жауапкершілікті абыроймен орындауда деп ойлаймын.

– Сіздің атақты генерал Ахмет Тұмарбеков туралы кітабыңыздан да көпшілік хабардар...

– Қазақстан полициясының 20 жылдығының құрметіне бірқатар тең авторлардың күшімен «Солтүстік Қазақстан полициясы» деген кітап шығарған болатынбыз. Бұл кітап соның жалғасы іспеттес. Ал 2023 жылы М. Есболатов атындағы Алматы академиясында «Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтары мен тәрбиесі тұрғысынан Ахмет Тұмарбековтің тарихи мұрасы» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. Осы ғылыми-зерттеудің нәтижесінде генерал туралы «Еліне адал азамат» кітабы жазылды. Әрине, бұл тек менің ғана еңбегім емес, кітаптың кітап болып шығуына еңбек сіңірген әріптестерімнің де еңбегі зор. Бұл орайда мен Алматы академиясының басшылығына мені қолдап, нәтижелі жұмыс істеуіме мүмкіндік тудырғаны үшін алғысым шексіз.

17 жыл ішкі істер органдарының баспасөз қызметінде қызмет өткерген полиция подполковнигі Динара Амангелдіқызы қазір М. Есболатов атындағы Алматы академиясында Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының доценті. Оқытушылық қызметтің негізгі бағыты – ІІО қызметкерлерінің бұқаралық ақпарат құралдарымен және блогерлермен өзара байланыстағы коммуникативтік дағдылары. Ақпараттық саладағы қатынастарды құқықтық реттеу дейтін болсақ, халықпен бетпе-бет жұмыс істейтін баспасөз қызметінің білгірі Динара Амангелдіқызының тыңдаушылар мен курсанттарға айтары мен үйретері де мол екені сөзсіз.

**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,
Алматы қаласы**



лүіме осы салада қызмет атқаратын жарым себеп болды. Ол «Біздің басқармаға баспасөз хатшысын іздеп жатыр екен, барып көрсен қайтеді?» дегенде, басында «Күндіз-түні шапқылайтын жұмысты атқара алар ма екем?» деген де ой болды. Өйткені погон таққан адамдардың жауапкершілігі өте жоғары болатынын өзімнің жарымның қызметінен көріп жүрдім ғой. Бірақ ішкі жан дүниемде өзіме деген сенім пайда болды.

– 2005 жылы Ішкі істер департаментіндегі баспасөз хатшысы қызметін батылсыздау бастаған мен 2019 жылы Ресей ІІМ өткізетін ТМД елдеріндегі БАҚ арасындағы «Щит и перо» атты халықаралық конкурстың лауреаты атандым. 2020 жылы Солтүстік Қазақстан облысында ҚР Журналистер одағының облыстық филиалы облыстың үздік баспасөз хатшысы деп таныды. 2023 жылы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы-

ПРОТИВОСТОЯТЬ УГРОЗАМ



В рамках Года повышения качества кадров органов внутренних дел и долгосрочной работы в этом направлении особое внимание уделяется совершенствованию отбора кандидатов на обучение в ведомственные вузы МВД РК.

Сбалансированная система критериев отбора учитывает не только медицинские показатели и физическую подготовку абитуриента, но и комплексно оценивает его учебные способности. Академическая подготовка

абитуриента играет решающую роль в формировании знаний, навыков и компетенций, необходимых для успешной учебы и будущей профессиональной деятельности.

В сегодняшнем материале мы расскажем о курсанте 1-го курса новой специальности «Обеспечение кибербезопасности» Алматинской академии МВД РК имени М. Есбулатова Расуле Артыгалине. Он стал одним из 300 кандидатов, которые прошли конкурсный отбор и поступили в академию в текущем учебном году.

Расулу 18 лет. Родился и вырос юноша в Алматы. В 7 классе благодаря высокой успеваемости он успешно поступил в казахско-турецкий лицей, а в 9 классе перешел в специализированный лицей «Арыстан».

В «Арыстане» он познакомился с военным укладом жизни, углубленно изучал физику, математику, информатику и прошел начальную военную подготовку для поступления в вузы силовых структур Казахстана. Благодаря достижениям в учебе и спорте Расул был избран знаменосцем лицея.

Будучи учеником 11 класса «Арыстана» Расул стал призером республиканской олимпиады с научным проектом по информатике. Он разработал наручные электронные часы «Ефрейтор-2» с голосовой подачей команд суточного наряда.

— Профессия военнослужащего тесно связана с точным соблюдением распорядка дня. Его день распланирован практически поминутно. Для соблюдения этого в армии имеется суточный наряд. Находясь в специализированном лицее «Арыстан», я наблюдал, как лицам, проходящим службу в суточном наряде, бывает не просто справляться со своей работой. Тогда у меня появилась мысль разработать электронные наручные часы, которые облегчат работу суточного наряда при выполнении распорядка дня, — рассказал Расул.

Расул с 5-ти лет увлечен спортом.

НАРАСТАЮЩИМ КИБЕРПРЕСТУПНОСТИ

Занимался плаванием, таэквондо, боксом, смешанными единоборствами. Он является кандидатом в мастера спорта по рукопашному бою и игроком лиги Национальной федерации баскетбола.

Юноша выбрал востребованную профессию. Он курсант первого набора по специальности «Обеспечение кибербезопасности», которая впервые была открыта в Алматинской академии МВД в текущем учебном

год. На сегодня это единственное ведомственное учебное заведение, осуществляющее обучение специалистов в области кибербезопасности. Специальность открыта в целях укрепления подразделений органов внутренних дел по борьбе с киберпреступностью квалифицированными IT-специалистами и обеспечения эффективного противодействия интернет-мошенничеству.



год. На сегодня это единственное ведомственное учебное заведение, осуществляющее обучение специалистов в области кибербезопасности.

Специальность открыта в целях укрепления подразделений органов внутренних дел по борьбе с киберпреступностью квалифицированными IT-специалистами и обеспечения эффективного противодействия интернет-мошенничеству.

Выпускники новой образовательной программы будут работать оперуполномоченными по борьбе с киберпреступлениями в CyberPol – подразделении, которое занимается раскрытием и расследованием киберпреступлений.

Компетенции в области информа-

ционно-коммуникационных технологий, необходимые для выполнения функций по обеспечению кибербезопасности, раскрытию и расследованию киберпреступлений, курсанты академии получают в вузе-партнере – AlmaU. По окончании академии они получают два диплома.

Помимо образовательной программы «Обеспечение кибербезопасности» в Алматинской академии МВД есть еще ряд востребованных узких

специальностей, связанных с IT-криминалистикой и информационно-техническим обеспечением деятельности органов внутренних дел. Этих IT-специалистов целенаправленно готовят для осуществления правоохранительных функций.

На базе киберполигона и киберлаборатории Алматинской академии МВД РК в рамках научно-исследовательской работы разрабатываются предложения в сфере информатизации и применения компьютерных технологий в целях предупреждения правонарушений и преступлений, совершаемых посредством сети интернет.

Также здесь проводятся научные мероприятия в формате форумов,

конференции, круглые столы, позволяющие обсудить актуальные угрозы информационной безопасности, внедрение новых технологий, касающиеся кибербезопасности, в практическую деятельность служб и подразделений органов внутренних дел.

В рамках международного сотрудничества налажена работа с вузами-партнерами – ведомственными учебными заведениями стран СНГ по исследованию актуальных проблем цифровизации деятельности органов внутренних дел, по борьбе с преступностью в киберпространстве, внедрению программных средств для систематизации и анализа информации о киберинцидентах, киберугрозах и киберпреступлениях, проводятся совместные исследования и научные мероприятия.

– К сожалению, киберпреступность стремительно развивается. Постоянно появляются новые виды киберпреступлений. Задача правоохранительных органов – адекватно противостоять нарастающим угрозам киберпреступности. Такими преступлениями наносится ущерб не только экономике страны и карману отдельных граждан, они несут риски и для национальной безопасности. Поэтому органы внутренних дел должны не только реагировать на случаи совершенных преступлений, но и своевременно выявлять киберриски, предупреждать скрытые угрозы. Надеемся, что знания по информационным технологиям и правоохранительной деятельности, полученные в академии и в вузе-партнере, позволят нам внести вклад в эффективное обеспечение кибербезопасности, – отметил Расул.

Мансия САКЕНОВА,
фото Алматинской академии
МВД РК им. М. Есбұлатова



БҮРКІТШІ ПОЛИЦЕЙ

Қазақ халқы ежелден жүйрік атпен қоса, қыран бүркітті де жоғары бағалаған. Қасиет тұтып, қадірін білген. Қазіргі таңда елімізде ата дәстүрді сақтап, саятшылық құратын азаматтарымыз ішкі істер органдарында да кездеседі. Ұлттық мұраны ұлықтаған тәртіп сақшысы Руслан Оралұлы он жылдан бері бүркіт баптап келеді.

Руслан – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеан ауылының тұмасы. Ата-анасы әлі де осы ауылдың тұрғындары. Отбасында үш ағайынды. Ауылда асыр салып ойнап жүрген кезінен бері тәртіп сақшысы болуды армандаған. Ол 2010 жылдан бастап ішкі істер ор-

гандарында жұмыс істейді. Бүгінде Ақмола облысы полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ командирінің орынбасары.

Қазақы болмыс иесі бүркіт баптаумен қоса, ұлттық ойындарға да белсене қатысады. Көкпар тартады. Уақытын ұтымды пайдаланатын по-

лиция қызметкері – отбасында үлгілі әке, достарының ортасында сыйлы азамат. Жауапты қызметтегі азаматтың жұмыстағы абыройы да жоғары.

Ақмолалық сақшы Руслан Түмүрзиннің бүркітке жақын болуының өзіндік тарихы бар. 2014 жылы Астана қаласында тұратын досы

Аманат Жанғалиұлы Көкшетауға бүркітші досының жарысқа баратынын айтып, оны күтіп алуын өтінген. Сөйтіп ол бүркітші Ерлан Кенжетаеты үйіне қонақ етіп, құс төресінің қасиетіне бойлай түседі. Жарысқа апарып жүріп, өзінің де бүркіт баптауға деген құлшынысы оянған. Қонағын бүркіт өсіруге үйретуді қолқалайды. Сол уақыттан бастап текті құстың қыр-сырын меңгере бастайды. Ғаламтор желісіндегі ақпараттармен танысады, Данияр Әлбозымның «Қазақ бүркітшілігінің әліппесі» кітабына көз жүгіртеді. Сол жылы алғашқы бүркітін досы Аманат Тоқабаев сыйлаған.

Бүркітші Руслан Оралұлы «Қыранды текті құс дегенмен, оның да асылы бар, жасығы бар» дейді. Сол себепті әр бүркіттің сыры өз иесіне мәлім. Руслан өзінің бүркітінің көзқарасына қарап, шамасын байқайды. Кейде аңға шығуға бабы болмаса, ол сапарды доғара қояды.

Русланның бүркітінің есімі – Ақиық. Жасы – 7-де. Жаз, қыс мезгілдерінде аңға шығып, қоян, түлкі алғанына куә болады. Жыл сайын Ақмола облысында бүркітшілер арасында өтетін жарыстарға, халықаралық турнирлерге қатысады. 2018 жылы Русланның бүркіті жарыстан бірінші орынды иеленіп, жүлде қорына тігілген жеңіл автокөлікті ұтып алған.

Бір қызығы, Руслан Ақиығын басқа бүркітші алса, оны жатырқап, бағынғысы келмейтінін айтады. Өзіне әбден үйренген. Жұмыстың тығыздығына байланысты Русланның бос уақыты бола бермейді. Бірақ қолы қалт етсе, атқа мініп, тазы жүгіртіп, бүркіт ұшырғаннан жаны ләззат алатынын жеткізді.

Қазақ халқы бүркіттің еркегін шәулі, ал ұрғашысын ұябасар деп атаған. Бүркіттің шәулісіне қарағанда, ұябасардың дене тұрқы ірі болып келеді. Ұябасардың орташа дене салмағы 3,8-6,3 келіге дейін жетсе, шәулісінің салмағы 2,8-4,1 келі аралығында болады. Сондай-ақ құсбегілер бүркіттің жасына қарай оларға түрлі атау берген. Бір жастағы бүркіт-

ті балапан деп атаса, одан әрі қарай қантүбіт, тірнек, жастүлек (тастүлек), мұзбалақ, көктүбіт деп жалғаса береді. Ал қартайған қыранға шөгел, сұмтүлек, мола деген атау берген. «Мола» деген аты айтып тұрғандай, молаға жақын деген ұғымды білдіреді.



Біздің басты кейіпкеріміз бүркіттің ұлттың тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы зор болғанын айтады. Тіпті кейбір тарихи деректерге сүйенсек, ертедегі қазақтар тұлпарды ғана емес, сонымен бірге құсты да кие тұтып, мәйітпен бірге жерлейтін болған. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері орта ғасырда адам мүрдесімен бірге қыран бүркітті қоса жерлегенін растайды. Қазақтың ғалымы Шоқан Уәлихановтың жазбаларында «Қыран бүркіт – көк Тәңірінің елшісі, ол Күннен жаратылған, күннің еркесі, көктің иесі» деп көп халықтың сенімінде аса жоғары дәріптелгенін жеткізген. Жыртқыш құстарды аса қадірлеген қазақтар болса, садақ оғының жебесін күшігеннің қойлық жүнімен және тазқараның тайлық жүнімен (қауырсынымен) ұштаса, тік ұшады деп сенген.

Бүркітшіміз – қоян-қолтық ұрыстан спорт шебері. Әскери самбодан, аралас жекпе-жекпен чемпионаттарға қатысып, жүлдегер атанған.

– Еліміздің мемлекеттік нышаны – көк байрағымызда да бүркіт бейнелеген. Қыран бейнесі көбіне

биліктің, қырағылық пен мәрттіктің символы ретінде қабылданады. Күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің қуат-күшін, оның егемендігі мен тәуелсіздігін білдіреді, жарқын болашаққа деген ұмтылысын танытады. Мемлекеттен бөлек, бүркіт баптағандар да оның қалтқысыз ұшуына

қарап-ақ өзіне күш-жігер жиғандай әсер алады. Бүркіт бейнесі көшпенді халықтың дүниетанымында айрықша орын алады. Олардың таным-түсінігінде бостандық пен адалдық, өрлік пен ерлік, қуат пен ниет тазалығы бүркіттің бойынан байқалады. Бүркіт бейнесі жас мемлекеттің әлемдік өркениет биігіне деген ұмтылысын көрсетеді, сондықтан, мұндай символдарды көргенде көзім сүйсінеді. Осындай қырандай қалықтап, алға қарай қадам басқан еліміздің қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек ету – біздің басты борышымыз, – дейді бүркітші полицей.

Русланның отбасында бір қызы, бір ұлы бар. Алғашында қызы дүниеге келгенде, оның бүркітші болуын армандаған. Кейіннен ұлы туылған соң бұл ізін жалғар істі ер балаға аманаттауды ойға алған. Ұлын ұлттық құндылыққа баулуды мақсат еткен ұлт жанашырының бүгінгі бейнесі осындай.

**Гауһарай ЕСИМОВА,
суреттер кейіпкерлердің жеке
мұрағатынан алынды**

ТЫНЫШТЫҚ ТІРЕГІ



Құқық қорғау қызметкері – асқан жауапкершілікті талап ететін мамандық. Шоқтығы биік мамандықты таңдап, осы құқық қорғау саласында абыройлы еңбек етіп келе жатқан үлгілі қызметкерлердің бірі – Жәнібек аудандық полиция бөлімі Әкімшілік полиция бөлімшесінің азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау тобының инспекторы, полиция капитаны Нұрдос Сағынғалиев.

Нұрдос Жұмабайұлы – 1988 жылдың 5 сәуірінде Теректі ауданының Ақсоғым ауылдық округіне қарасты Үлкен Еңбек ауылында дүниеге келген. Халық даналығында «Ұл табалдырықтан аттаудан бастап, ар-намысты сақтауға дейін әкеден үйренеді» деген сөз бар. Ардақты әкесі Жұмабайдың уәдеге берік мінезін өзіне үлгі етіп, бауырмалдық, жанашырлық, мейірбандық қасиеттерді анасынан сіңірген. Нұрдостың анасы Мәкка сезімтал да биязы, сабырлы да жайлы мінезімен ортасына сыйлы адам болды.

– Жеті рет өлшеп, бір рет кесетін, абдырап-аптықпайтын мінезім тура анама ұқсайды. Бір ата-анадан өрбіген Жандос, Гүлжайна, Ерасыл төртеуіміз бүгінде қалаған мамандығымызды игеріп, несібемізді адал еңбектен тауып жүрміз. Қиял көкжиегінің кіршіксіз таза тұсы балалық шақта қалыптасатыны белгілі ғой. Мектепте

оқып жүргенімде-ақ заң қызметкері болуды армандадым. Себебі, анамның інісі Сандыбай Қадырәлиев, жездем Сағындық Қажымұқанов, немере ағам Айдос Сағынғалиев полиция қызметкерлері болатын. Соларға еліктеп, бой түзедім, – дейді Нұрдос Жұмабайұлы.

Ол 2006-2007 жылдар аралығында Ақтаудағы №25744 Теңіз жаяу әскери бөлімінде сержант шенінде көздеуші оператор болып, азаматтық борышын өтеді. Арманын жүзеге асыру мақсатында 2007 жылдың 30 қарашасында Орал қалалық мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметі басқармасына қызметке орналасады. Қалада үш жыл қызмет атқарып, тәжірибе жинақтаған жас маман 2011 жылдың шілде айында мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметі басқармасының Жәнібек аудандық взводының полицейі лауазымына тағайындалады. 2012-2015 жылдары уақытша ұстау изоляторының поли-

цейі, учаскелік полиция инспекторының көмекшісі болып қызмет етеді. 2016 жылдың қараша айынан күні бүгінге дейін Жәнібек аудандық полиция бөлімі Әкімшілік полиция бөлімшесінің азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау тобының инспекторы. Жұмыс істей жүріп, Нұрдос білімін жетілдіру мақсатында алдымен БҚО Инженерлік-технологиялық колледжінің заңтану, кейін Мәскеу экономикалық институтын құқықтану мамандығы бойынша тәмамдайды.

– Менің кәсіби тұрғыдан шыңдалуыма Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Айшуақ Сейітқазиев, Жәнібек аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Мейрамхан Бапахов, 2022-2023 жылдары Жәнібек аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары болып қызмет атқарған полиция майоры

ры Ренат Рахимов үлкен септігін тигізді, – дейді Нұрдос.

Ішкі істер саласында ұзақ жыл жұмыс істеген Нұрдос Жұмабайұлы сұхбаттасу барысында атқарып жүрген қызметі жөнінде асықпай баяндады.

– Қызмет барысында қару мен оқ-дәрілердің заңсыз айналымына байланысты және атыс қаруын пайдаланумен жасалған қылмыстар жөніндегі жедел жиынтық ақпарат бойынша есеп жүргіземін. Жеке тұлғалар үшін ойық ұңғылы аңшылық қаруын иемденуге, сақтауға және алып жүруге қажетті құжаттарды рәсімдеп, ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға қызметтік қару мен патрондарды тасымалдауға, сақтауға және алып жүру құқығына рұқсат беруге материалдар дайындау бойынша жұмысты жүргіземін.

Қару ұстайтын адамдардың тұрғылықты тұратын жерінде еденге немесе қабырғаға берік бекітілген, қабырғаларының қалыңдығы кемінде 3 мм болатын және есігінде ішкі құлпы бар металл шкаф (сейфте) болуы қажет. Қаруды бөлмелердің қабырғаларына ілуге болмайды. Қару иесінің қалауы бойынша қаруды және оның патрондарын сақтау жүзеге асырылатын бөлмелерді немесе металл шкафты (сейфті) ғана сигнализациямен жабдықтауға жол беріледі. Күзет сигнализациясының түрін қару иесі айқындайды. Қару иесі бір айдан астам уақыт болмаған жағдайда, мәселен, іссапарға, демалысқа немесе емделуге кетсе не болмаса әскери қызметін өткеру кезеңінде қаруды оның тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына уақытша сақтауға тапсыруы қажет. Қарумен бірге оның патрондарын (азаматтық тегіс ұңғылы қарудың жалпы саны – 500 данадан аспайтын, азаматтық ойық қарудың әрбір бірлігіне 100 данадан аспайтын, газдық қарудың 50 данадан аспайтын патрондарын, 500 граммнан аспайтын аңшылық оқ-дәріні) сақтауға рұқсат етіледі.

Ал ауылдық жерде тұратын қару иесінің азаматтық тегіс ұңғылы қаруының жалпы саны 500 данадан астам, бірақ 2000 данадан аспайтын патрондары жеке металл шкафта



(сейфте) сақталады. Азаматтық және қызметтік қарулардың айналымына бақылауды жүзеге асыратын полиция қызметкері хабарлама алғаннан кейін келісімшарт нөмірін және оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, қаруды сақтау орнын өзгерту туралы ҚР Ішкі істер министрлігінің біріктірілген деректер базасының ақпараттық жүйесіне жазба енгізеді. Сейфте қарумен бірге бөгде заттарды сақтауға, өзге адамдар, оның ішінде туысқандар мен отбасы мүшелеріне қолжетімді жерлерде қаруы бар сейфтің кілттерін қалдыруға, ішкі істер органдарында тіркелмеген, оның ішінде тіркелуге жатпайтын қаруды сақтауға жол берілмейді.

Өткен жылы ҚР ҚК-нің 287-бабы 3-бөлігіне сәйкес екі қылмыс анықта-

лып, сотқа жолданды. 767 625 теңге айыппұл салынып, толық көлемде өндірілді. Қазіргі күні 153 заңды түрде тіркелген қару есебімізде тұр, – деді ол.

Жұмыста жоғары нәтижеге жетіп, Жәнібек ауданында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне зор үлес қосып жүрген Нұрдос Сағынғалиевтің жеткен жетістіктері бір төбе.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейі
Жәнібек аудандық
музей бөлімінің меңгерушісі



2010 жылғы қыркүйектің соңғы күндері кемпіршуақтанып, маужырап тұр еді. Кенет мөп-мөлдір аспан төріне атойлап шыққан алақандай бұлт ескі қаланың шет жағын ала орналасқан зираттың төбесіне төніп келді де, сіркіретіп өте шықты. Көздеріне нала тұнған, тұнжыраған жүздерін жас жуған бір топ адам қатар-қатар жатқан үш төмпешікті айналшықтап біраз тұрды да, кері жиналды. Тек бұрыннан тұрған молалардың тас қоршауына соғылып, тырс-тырс еткен тамшылар осы бір жұмбақ мекенде мәңгілікке қалып барып жатқан Сергей мен Таяның жоқтауын жалғастыра берді. Көп ұзамай екі жастың да және Таяның анасы Надежданың да басына суреттері салынған сұп-сұр тас-

тар қойылып, томпып жатқан төмпешіктер қап-қара темірмен қоршалды. Бір-бірінен аумайтын темір қоршаудың ішінде жатқан адамдардың тағдыры да бір-бірінен аумайтын. Ажалдары да солай ұқсас болды...

Осы бір көздерінде от ойнаған сұп-сүйкімді қыз Сергейдің жүрегін тез жаулап алды. Қашан көрсе де, жүзіне жып-жылы күлкі үйіріліп жүретін Таяның мінезі ашық еді. Бойжеткеннің осы бір ақжүректілігіне сәмбі талдай солқылдаған тұлғасы қосылғанда қандай бозбаланың болмасын, есі кетері анық. Әкесіз өскен Тая оқу бітіріп, ақша таба бастаған соң-ақ бұрынғы қоңыртөбел тұрмыстары біртіндеп жақсара берді. Оның үстіне көршілес елдерден тауар тасып, оны дүкен-

ге шығаратын анасы да ақшаға өте ұқыпты еді. Содан болар, екеуі тірнектеп біраз ақша жинап, қорлана бастады. Тая өзінің махаббаттан да жолы болып келе жатқаны үшін Тәңіріне мың мәрте сыйынып, бір күн көрмесе тұра алмайтын Сергейдің өзіне деген ып-ыстық сезімін сезінген сайын бақыттан басы айналып жүретін. Тек соңғы кезде анасының жалға алған дүңгіршегінде сатушы болып істейтін Аняның азаматтық некедегі күйеуі Даниел өзін көрген жерде көзі күлімдеп, орынды-орынсыз қалжыңдап, реті келсе сүйкеніп қалуға тырысушы еді. Осы бір көзі жалт-жұлт еткен түсі бөтен жігітті суқаны сүймейтін. Естуінше, Аняның ағасымен бірге біраз жылын темір тордың ар жағында өт-

кізіп келіпті. Не үшін сотталғанын Аня да тіс жарып айтпайды. Анда-мында өзінің Даниелге ғашық болғаны соншалықты, оның өткен өміріне көзін жұма қарайтынын айтып қалушы еді. Өзін көрген жерде көзі ойнақшып кететін жігіттің ерсі қылығы туралы Таня бірде сүйген жігіті Сергейге сыр етіп айтқан-ды.

Түстен кейін біраз бос уақыты болған соң Сергей күндегі әдетінше Таняға қоңырау шалды. Әдетте, ұялы телефонын жанынан тастамайтын Таня алуға үлгермей жатса, артынша іле-шала өзі қоңырау шалатын. Бұл жолы қанша қоңыраулатса да, жауап болмады. «Бұлай болуы мүмкін емес» деген ой мазалаған Сергей дереу жан досы Мадиярға хабарласты. Көрші тұратын екеуі Сергейдің жеңіл көлігіне отыра салды да, Таняның үйіне қарай құстай ұшты. Жолай Сергей досына соңғы кезде Таняның соңынан Даниел деген біреудің қалмай жүргенін де жайып салды. Бірақ Таняның махаббат деген киелі сезімді таптайтын ақымақ қыз емес екенін айтып, Мадиярға мақтанып та алды. Таняның есігіне келіп, қоңырауды безілдете бастағаны сол еді, есік айқара ашылды да ар жағынан солаң етіп Даниел шыға келді. Өз көздеріне өздері сенбеген екі жігіттің ішке ентелей енгенін бағып тұрған әккі неме есіктің кілтін сырт еткізді де, кілтті суырып алды. «Сен мұнда неғып жүрсің?» деген сауалдың аяғын күтпестен Даниел екі жігітті кезек-кезек атып салды. Қапелімде не болғанын түсінбей қалған жігіттер еденге гүрс-гүрс құлап түсті, тек көз алды тұманданып бара жатқан Сергей төргі бөлмеден шыққан Таняның ыңырсыған дауысын естіп жатты. Екі жігіттің де бірден жантәсілім етпегенін көрген жендет енді оларға оқ шығындағысы келмеді ме, шалажансар Мадиярды дәретханаға сүйреп апарып, есігін нығыздап жауып тұрды да, аз-кем ойланып, басынан тағы бір рет атты. Ал дәліздің дәл ортасында қимылсыз жатқан Сергейді қонақ бөлмеге сүйреп әкеле жатып, оның да әлі жаны бар екеніне ызаланған қанішер іргеде жатқан ұялы

телефонды зарядтайтын сыммен қыл тамағынан буындыра бастады. Бірақ қанша жерден жаралы болса да, ұзын бойлы қуатты жігітке шамасы бірде келіп, бірде келмей жатқан соң оның екі қолын артына қарай қайырып байлады да, тағы да қылқындыра түсті. Қор-қор еткен дыбыс шыққан соң ғана оның өлгеніне көзі жетті де, енді жатын бөлмеде ауыр соққыдан енді ес жинаған Таняны сүйреп, дәлізге алып шықты да «Ақшаның қайда екенін көрсет!» деп желкеледі. Басы бұлғақтаған бойжеткеннің аузы «Бізде ақша жоқ, тек алтындарды ала бер» деген бір-екі ауыз сөзге ғана келді. Бірақ көкейін көп ақша тескен Даниел қайткенде тығулы ақшаны табу үшін мына бойжеткеннің есін жиғызу керек деп ойлады да, оны жуынатын бөлмеге кіргізіп, «Енді армансыз душ қабылда!» деп өзі дәлізге қайта шықты.

Көзі қанталаған жендет енді Таняның анасы Вераның келуін күтіп, есіктің көзгелдегінен сығалағаны сол еді, тас еденді тық-тық еткізіп келе жатқан аяқ дыбысын естіп, есіктің артқы жағына жасырына қалды. Күткеніндей-ақ, сыртқы есікті өз кілтімен ашып кірген әйел жан-жағына қарап үлгергенше бұл ту сыртынан бас салды да, шыңғыруға шамасын келтірмей, тұншықтыра бастады. Қорқыныштан көзі айналып кеткен байғұс әйелді дедететіп жүріп, ақша іздеді. Вера ас үйдегі ыдыс жуатын раковинаның шкафына тыққан бір бума ақшаны алып шыққанда ғана көңілі жайланған жендет жан-жағына қалтасына сүңгітіп жіберді. Ол үйдегі бар алтынды да уыс-уыс қылып, ішкі қалтасына салып алып еді. Сол кезде сыртқы есікті дүрсілдеткен адамдардың шуылын естіп, есі шығып кетті. Санасын «Құрыған жерім осы екен ғой!» деген ой сілкілеген Даниелдің есіне әлгінде өзі жуынатын бөлмеге кіргізіп жіберген Таня түсті. Суық судан аздап есін жинаған оның қолына дереу ұялы телефонын берді де, туыстарына ««Мадияр мен Сергей төбелесіп, екеуін де 3-ші полиция бөліміне алып кетті, мен де сол жердемін. Полиция екеуінің де ата-анасын шақы-

рып жатыр» деп айт!» деп дікектеді. Қанішердің айтқанын істемесе, ажалы содан боларын біліп тұрған бойжеткен оның айтқанын бұлжытпай орындады. Сол-ақ екен, сырттағы шу кілт тыйылды да, дәлізде тыныштық орнады. Тек біраздан соң терезе перденің жабығынан сығалап қарап еді, у-шу болып көлікке мініп жатқан біраз адамды көріп, көңілі орнықты. Ендігі ойы – мына қан сасыған жерден қалай да басын аман алып шығып, қашып кету еді. Шалбарының қалтасындағы қомақты ақшаны сыртынан сипап тұрды да, оқиға орнында көзі тірі куә қалдырмау үшін қызы мен анасын тағы да атты. Онсыз да жаңа ораулы ақшаны беріп жатқанда басынан тиген ауыр соққыдан есі ауып қалған Вера бірінші оқтан-ақ жантәсілім етті. Таняны да өлдіге санаған қаныпезер жайлап сыртқы есікті ашты да, жылыстап шыға берді.

Бұл кезде улап-шулап қаланың бір шетіндегі полиция бөліміне келген Сергей мен Мадиярдың туысқандары полиция қызметкерлерінен мұнда ондай адамдардың жоқ екенін естігенде аң-таң болды. Не болса да бір сұмдықтың болғанын іштері сезген олар қайтадан үйге қарай асықты. Не болса да есікті бұзып кіруге бекінген олар көп қабатты үйдің кіреберіс есігіне ентелеп жеткенде, жоғарғы қабаттағы Таняның пәтерінен қаны сорғалап шығып келе жатқан Мадиярды көргенде естерінен танып қала жаздады. Бет-аузын қып-қызыл қан жуған Мадиярдың аузы «Жоғарыда маньяк бар, бәрін қырып салды, грек» деген үш сөзге әрең келді де, есінен танып қалды.

Оқиға орнына санаулы минуттарда жеткен Тараз қалалық Ішкі істер департаменті қызметкерлерінің өзі мынандай жауыздықты көргенде жағаларын ұстады. Бірақ Мадиярдың айтуы бойынша, «грек» деген лақап аты бар Даниелді ұстау қиынға түскен жоқ. Тараз қаласында қанды қасап жасаған жауыз Шымкент қаласында қолға түсті. Мына тіршілік де-

ген теңізде қалт-құлт еткен кемедей күн кешіп жүрген ана мен баланың жақсылыққа деп жинаған бар ақшасын жауыз неме түнгі көбелектерге жұмсапты. Кеше ғана жазықсыз жандардың ақ адал ақшасына алынған алтындарды көлденең көк аттыларға аямай үлестіріпті. Бірнеше адамды қолы қалтырамай жер жастандырған қандыбалақ қылмыскердің өткен өмірі де жауыздыққа толы екен. 2003 жылы Тараз қаласында кәмелеттік жасқа толмаған ұл баланы зорлағаны үшін тоғыз жылға бас бостандығынан айырылған ол жазасын Шымкент қаласында өтепті. Бірақ кесікті жазасын өтеп бітуге 2 жыл 10 ай қалғанда оны түзеу мекемесі берген құжаттарға сүйеніп, Шымкент қаласының соты мерзімінен бұрын шартты жазаға босатады. Бостандықта өзін құшақ жайып қарсы алатын ешкім жоқ екенін жақсы білетін ол еркіндікке шыққан соң кімді паналарын да алдын ала ойластырып қойып еді. Өзімен бірге түрмеде отырған Олегтің



қарындасы Анямен хат арқылы танысқан Спартак белгісіз бойжеткенге «жүректен шыққан» жылы сөздерін аямайтын. «Әйелдердің осал жері – құлағы» дейтін тәмсілді жақсы білетін жауыз Аняға апта құрғатпай, махабатқа толы хаттар жазуды әдетке ай-

налдырып алғандай. Қылмысы ауыр болса да, ебін тауып мерзімінен бұрын шартты жазаға босап шығысымен, салып-ұрып Аняға келді. Тар қапаста ағасына жолдас болған әрі, қасы-көзі қиылған сымбатты жігітке темір тордың ар жағында жүргенде-ақ есі кеткен бойжеткен оның иненің көзінен өтетіндей жұмсақ мінезіне тіптен құлап түсті. Сөйтіп оны қолына кіргізіп алды да, емін-еркін өмір сүре бастады. Жүрегін жаулап алған ыстық сезімнің әсері ме екен, Аня тіптен оның жұмыс істемейтініне де, тіптен жұмыс істеуге деген ұмтылысының жоқ екеніне де көз жұма қарады. Өзінің таңертеңнен қара кешке дейін дүкенде тұрып табатын ақшасы екеуінің ішіп-жеміне молынан жететін. Осыны малданған Даниел Аняның жұмыс орнына барғыштап жүріп, Таяны көреді. Бірақ Аня сияқты емес, тұмысынан ұстамды Таян осы бір жылпылдаған жігітті жақтыра қоймады. Ал сол күні ажалына көрінді ме, есікті тез-ақ ашып жібергені... Ондағысы «Көзта-

ныс жігіт бір шұғыл шаруамен жүр ме екен?» деген ой еді ғой.

Қолын қанға аямай былғаған қанішер ұсталған кезде қылмысын мойындай отырып, «Мен адам өлтірейін деген жоқпын. Мен түрмеде отырғанда картадан ұтылып, жақтастарыма

көп көлемде ақша қарыз болдым. «Сол ақшаны төлеуің керек» деп Азамат деген жігіт жетелеп жүріп, осындай қылмысқа итермеледі» деп зарлады. Бірақ қандықол қасапшының өзінің басын арашалау үшін ойлап тапқан далбасасы заң орындарының адамдарын иландыра алған жоқ. Тіптен ол «Карта ойынының сертін орындау – жігітке сын» екенін мақтанышпен қайталай берді. Бірақ бәрі кеш еді...

Осы қанды оқиға барысымен танысқан адамдар «Қырық жыл қырғын болса да, тек ажалды ғана өледі» деген сөздің растығын мойындайтын шығар. Оған себеп – бір керемет тылсым күштің әсерімен аман қалған Мадияр. Басына және ішіне тиген оқ жанды жерлерін жанап өткен жас жігіт ажал аузынан аман қалды. Өкінішке орай, тәртіп сақшылары жеткенде ес-түсін білмесе де кеудесінде жаны бар Таян аурухананың жансақтау бөлімінде жан тапсырды. Қазір ол қапыда қаза тапқан екі ғашық Татьяна мен Сергейдің басына жиі барып, құлпытаста көздері мөлдіреп тұрған достарының жансыз бейнесімен үнсіз тілдеседі. Кейде қатар жатқан үш моланың жанында тұрып, сол бір аты өшкір азапты күндегі оқиғаны еске түсіреді. Сол кезде құлағына Сергей досының қиналып жан тапсырардағы қорылы мен Таянның «Алтындардың бәрін ал, тек жігіттерді өлтірмеші» деген жалынышты дауысы келеді. Ол дүние мен бұл дүниенің ортасында жатқан кездегі достарының дауысы санасында жаңғырып, қайғыдан қан жұтқан жүрегін ұстап, бейіт басынан жалғыз қайтады. Кейде бір жайсыз түс көріп, оянып кететін сияқты, содан соң бала кезден бірге өскен Сергейдің үйлену тойын тойлайтын сияқты сезінеді өзін.

Үш адамды бірдей жайратып салған қанішер Даниел Климов өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ
(Белгілі себептермен адамдардың аты-жөні өзгертіліп алынды)